

"АСТАНА ДАРЫНЫ" ДАРЫНДЫЛЫҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ
СҮЙЕМЕЛДЕУ ОРТАЛЫҒЫ

**ЗИЯТКЕРЛІК САЙЫСТАР МЕН
ОЛИМПИАДАЛАРДЫ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ПОЛОЖЕНИЙ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ
СОСТЯЗАНИЙ И ОЛИМПИАД**

Нұр-Сұлтан 2019

Бас редактор М.Ж. Құрманбаева
Жауапты редакторлар: Буралкиева Г.М.
Бейсенбаева Ж.М.

Жинақта негізгі зияткерлік сайыстар мен олимпиадалардың өткізу ережелері жинақталған. Құралда сайыстар мен олимпиадаларды өткізуде қойылатын талаптар, оның ережелері, мазмұны және ерекшеліктері толықтай көрсетілген.

Жинақ пән мұғалімдеріне, директорлардың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған.

В данном сборнике собраны основные положения интеллектуальных конкурсов и олимпиад. В пособии освещаются вопросы их организации и проведения, даются обоснования содержания и особенностей конкурсов.

Сборник рекомендован учителям-предметникам, заместителям директоров по научно-методической работе.

**«Астана дарыны» ДДжПСО, 2019ж.
ЦРОиПС «Астана дарыны», 2019 г.**

Мазмұны

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының II кезеңін және қалалық іріктеу кезеңін өткізу ережесі.....	8 бет
1-7-сынып оқушыларына арналған республикалық «Зерде» зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалар конкурсының ережесі.....	15 бет
Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың II кезеңін өткізу (аудандық) Ережесі.....	19 бет
Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың III кезеңін (қалалық) өткізу Ережесі.....	22 бет
Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті күніне арналған елордалық мектептердің көшбасшы-оқушылары арасындағы интеллектуалдық конкурстың ережесі.....	25 бет
5-7-сынып оқушылары арасында өткізілетін «Жас математик» олимпиадасының Ережесі.....	26 бет
4-сынып оқушылары арасында олимпиаданы өткізу туралы жалпы Ережелер.....	27 бет
Бастауыш сынып оқушылары арасында өткізілетін «БАСТАУ» қалалық математикалық турнирі.....	29 бет
3-4-сынып оқушылары арасында өтетін командалық математикалық сайыстың ережесі.....	30 бет
«ФизМат» Республикалық конкурсын өткізу Ережесі.....	32 бет
Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін оқу орындарының оқушылары арасында математика – физика және химия – биологиядан Президенттік олимпиадасы туралы Ереже.....	34 бет
«Полиглот» гуманитарлық олимпиадасының ережесі.....	35 бет
«Ғасырдан ғасырға» қалалық зияткерлік сайысының ережесі.....	36 бет
Мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі дайындық тобының балаларына арналған «Жұлдызды жол» қалалық зияткерлік олимпиадасы туралы ереже.....	37 бет
«Ғажайып күз» қалалық сурет конкурсын өткізу ережесі.....	
Астана қаласы мектепке дейінгі балалар мекемесіндегі даярлық топтары арасында өтетін қалалық қашықтық «Елорданың еркетайы» өнер байқауының ережесі.....	
«Талантты ұстаз – дарынды балаларға» атты қалалық педагогикалық олимпиадасын өткізу және ұйымдастыру ережесі.....	39 бет
«Педагогикалық идеялар фестивалі» жөніндегі қалалық фестивалінің ережесі.....	48 бет
«Практикалық психологы білім жүйесінде» атты әдістемелік және ғылыми-практикалық зерттемелерін қалалық конкурсының ережесі.....	52 бет

Мектеп дейінгі мекемелердегі мектепалды даярлық топтарына арналған «Ертегілер білгірі» қалалық интеллектуалдық олимпиадасының ережесі.....	54 бет
Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі 4-сынып оқушылары арасында өткізілетін «Сөз – мерген» тіл танымдық олимпиадасының ережесі.....	56 бет
Қалалық «Марғұлан олимпиадасының» ережесі.....	58 бет
«Сөз құдіреті» мәнерлеп оқу байқауының ережесі.....	59 бет
2-3 сынып оқушыларына арналған «Математика және логика» олимпиадасының ережесі.....	61 бет

Содержание

Правила проведения городского отборочного этапа научных соревнований по общеобразовательным предметам и II этапа республиканских научных соревнований.....	63 стр
Положение о проведении городского конкурса исследовательских работ и творческих проектов учащихся 1-7 классов «Зерде».....	70 стр
Правила проведения второго (районного) этапа Республиканской олимпиады по общеобразовательным предметам.....	74 стр
Правила проведения третьего (городского) этапа Республиканской олимпиады по общеобразовательным предметам	78 стр
Положение интеллектуального конкурса «Лидер-учащийся столичного образования», посвященный празднованию Дня Первого Президента Республики Казахстан.....	81 стр
Положение о проведении олимпиады “Юный математик» среди учащихся 5 -7 классов.....	82 стр
Положение о проведении олимпиады среди учащихся 4 классов.....	83 стр
Городской математический турнир младших школьников «БАСТАУ».....	85 стр
Положение о проведении математических боев среди команд учащихся 3-4 классов.....	87 стр
Правила проведения Республиканского конкурса «ФизМат».....	89 стр
Положение о Президентской олимпиаде по математике, физике, химии и биологии среди учащихся 11 классов общеобразовательных учебных заведений Республики Казахстан.....	91 стр
Положение междисциплинарной гуманитарной олимпиады «Полиглот».....	92 стр
Положение о городском конкурсе «Ғасырдан ғасырға» для учащихся.....	93 стр

Положение городской интеллектуальной олимпиады для дошкольников «Жұлдызды жол».....	94 стр
Правила проведения первого городского детского конкурса «Волшебная осень».....	
Положение о городской педагогической олимпиаде «Талантливый учитель - одаренным детям».....	96 стр
Положение о городском конкурсе «Фестиваль педагогических идей».....	100 стр
Положение о городском конкурсе методических и научно-практических разработок «Практический психолог образования».....	104 стр
Положение городской интеллектуальной олимпиады «Знатоки сказок» для детей подготовительной группы дошкольных учреждений.....	106 бет
Положение городского конкурса выразительного чтения «Сөз құдіреті» среди учащихся 2-3-х классов	108 бет
Положение межпредметной олимпиады «Жас ғалым».....	110 бет

АЛҒЫ СӨЗ

Жинақта Астана қаласы Білім басқармасының «Астана дарыны» ДДжПСО өткізілетін олимпиадалар, зияткерлік сайыстар мен конкурстардың ережелері жинақталған. Орталықтың басты мақсаты - ерте жастан бастап неғұрлым көп оқушыларды зияткерлік жарыстарға қатыстыру үшін жағдай жасау. Осы мақсатпен дарынды балаларды анықтау, және зияткерлік, академиялық, көшбасшылық қабілеттерін дамыту үшін мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиеленушілері арасында «Жұлдызды жол», 1-7 сынып оқушылары арасында қалалық «Зерде» зерттеу жұмыстары мен жобалар конкурсы, орта және жоғары сынып оқушылары арасында олимпиадалар мен зияткерлік жарыстар, басқа да шығармашылық конкурстар өткізіледі. Бұл жинақ білім беру мекемелерінің әкімшіліктеріне, мұғалімдері мен оқушыларына арналған. Жинақ материалдары қалалық іс-шараларға қатысуда өте пайдалы құрал болып табылады.

«Астана дарыны» орталығының ұжымы болашақ олимпиадалар мен зияткерлік жарыстардың қатысушыларына шығармашылық табыс тілейді!

ПРЕДИСЛОВИЕ

В сборнике собраны Положения и Правила проведения олимпиад, интеллектуальных соревнований и конкурсов, проводимых ЦРОиПС «Астана дарыны» Управления образования г. Нур-Султан. Главная задача Центра - это создание условий для участия в интеллектуальных состязаниях как можно большего количества учащихся, начиная с раннего возраста. В связи с чем проводятся интеллектуальные конкурсы среди воспитанников детских дошкольных учреждений «Жулдызды жол», городская олимпиада для учащихся начальных классов, городской конкурс исследовательских работ и проектов учащихся 1-7 классов «Зерде», олимпиады и научные соревнования для учащихся среднего и старшего звена и другие творческие конкурсы, направленные на выявление одаренных детей и развитие их интеллектуальных, академических, лидерских и других способностей. В этом году, с учетом анализа проведенных мероприятий, внесены некоторые изменения в Положения и Правила мероприятий прошлого года и добавлены новые. Данный сборник адресован администрации, учителям и учащимся учреждений образования. Материалы сборника будут полезны при подготовке к участию в городских мероприятиях.

Коллектив «Астана дарыны» желает будущим участникам олимпиад и интеллектуальных состязаний творческих успехов!

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР КОНКУРСЫНЫҢ II КЕЗЕҢІН ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ

«Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми конкурстарың өткізу ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы № 688 және 2011 жылындағы 29 қарашаның №502 бұйрығына сәйкес республикалық ғылыми жобалар конкурсының II кезеңінің және қалалық іріктеу кезеңін өткізу ережесі дайындалды.

I. Жалпы ережелер

1. Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар конкурсы (әрі қарай–Конкурс) жыл сайын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы негізінде өткізіледі.

2. Конкурстың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

-оқушылардың ғылыми – зерттеу және оқу – танымдық жұмыстарын ынталандыру;

- ойлау қабілетін дамыту;

- ең талантты және дарынды жас зерттеушілерді іріктеу және оларға қолдау көрсету;

- Қазақстан Республикасының зияткерлік әлеуетін қалыптастыруға ықпал ету.

3. Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми конкурстары 4 бағыттан, 18 секциядан тұрады:

I Бағыты «Ғылыми – техникалық прогресс-экономикалық өсудің негізгі буыны».

Секциялар:

Физика

Техника

Жер және Космос туралы ғылымдар

II Бағыты: «Экономикалық және әлеуметтік процестерді математикалық модельдеу»

Секциялар:

Математика

Қолданбалы математика

Информатика

Экономика

III Бағыты: «Таза табиғи орта – Қазақстан – 2030 стратегиясын іске асырудың негізі»

Секциялар:

Химия

Биология

Қоршаған ортаны және адам денсаулығын қорғау

IV Бағыты: «Қазақстанның тарихи ескерткіштері және болашақ дамуы бар саяхат маршруттары»

Секциялар:

Тарих

Құқықтану

Өлкетану

Этномәдениеттану

Тілтану/Языкознание

Әдебиет/Литература

Ағылшын.

4. Ғылыми конкурс төрт кезеңнен тұрады:

1) бірінші кезең - мектепшілік

2) екінші кезең – қалалық (Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының мектептері мен республикалық мектептер жарыстары мәртебесі жағынан облыстық жарыстармен теңестіріледі) екі турда өтеді: іріктеу және финал – жұмыстарды қорғау .

3) үшінші кезең – республикалық іріктеу кезеңі екі турда өтеді:

бірінші тур – бейінді пән бойынша тестілеу(Он-лайн);

екінші тур – жобаны алдын – ала сараптау;

4) төртінші (финал) кезең – республикалық.

5. Ғылыми жобалар конкурсының бірінші кезеңін өткізу мерзімі Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының бұйрығымен бекітіледі. Жарыстардың екінші – төртінші кезеңдері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрығымен бекітілген мерзімде өткізіледі.

II. Конкурсқа қатысушылар

1. Ғылыми конкурстарының бірінші кезеңіне оқушылардың ғылыми қоғамдарының немесе ғылыми жетекшілерінің ұсынуымен 8 – 11 сынып оқушылары қатыса алады. Командалық жобаны екі оқушы ғана орындай алады.

2. Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми конкурстарының екінші кезеңіне бірінші кезең жүлдегерлері қатысады, олар жетекшісі мен ғалымдардың пікірлерін, қоса тапсырылатын құжаттарын (сұраныс, I кезеңнің хаттамасы, мектепшілік ғылыми конкурстарының қорытындысы бойынша есебі, ғылыми зерттеу журналы) және ғылыми жұмыстарын (жобалары) ұсынады. Ғылыми жобалардың тақырыптары жыл сайын **5 қыркүйектен** кешікпей тапсырылуы тиіс. Тіркеуге міндетті түрде көрсетілген нұсқа бойынша білім беру мекемесі директорының қолы мен мөрі қойылған сұраныс (қосымша 1), сонымен бірге мектепшілік I кезеңінің есебі және ОҒҚ туралы есеп (қосымша 2) Excel электронды кесте, ағылшынша (қосымша 3) қағаз түрінде тапсырылуы керек.

3. Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми конкурстарына қатысатын оқушылардың, олардың жетекшілерінің аты – жөндері сұраныста құжат бойынша (туу туралы куәлігімен, төл құжаты) жазылуы керек.

4. II кезеңнің алдында іріктеу кезеңі өткізіледі:
 1. бейіндік пәндер бойынша тестілеу (қосымша 3)
 2. жобаны алдын – ала сараптау (жазған жұмыстарына).

III. Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми конкурсының сараптау комиссиясы

1. Әр секцияның сараптау комиссиясының құрамына ғылымның осы саласы бойынша кемінде үш ғалым (маман) кіреді.
2. Іріктеу кезеңінің комиссиясы бағалау өлшемдері мен талаптарына сәйкес ғылыми жобаларды тексеріп, әрбір жобаға өз пікірін жазып, II кезеңге қатысатын оқушылардың тізімін анықтайды.

IV. Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми конкурсының іріктеу және II кезеңін өткізу туралы

1. Іріктеу кезеңінің I туры – **9-10 қазан күндері** аралығында ғылыми жоба жұмысын жазған оқушылардың арасында бейіндік пәндерден тестілеу өткізіледі. Тест 60 сұрақтан тұрады (60 балл). Оны орындауға 90 минут беріледі. **Тестілеуден 50% -дан жоғары бал жинамаған оқушы келесі турға жіберілмейді.** Командалық жобалар үшін өту балы - жоба авторлары жинаған орташа балдың арифметикалық саны болып табылады.

Екінші тур – жобаларды алдын-ала сараптау, **2 – 21 қараша** күндері аралығында өткізіледі. Ғылыми жоба жұмыстары **14– 24 қазан** күндері аралығында алдын - ала сараптама жасауға тапсырылуы керек. Алдын – ала сараптау кезеңін қорытындысы бойынша, II кезеңнің қатысушылары анықталады. II кезеңге қатысушылардың тізімі Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының бұйрығы бойынша бекітіледі. Іріктеу кезеңінің қорытындыларынан кейін апелляция өткізілмейді. **Сараптамадан өтпеген жұмыстар қайтарылады.** Сараптамадан және тестілеуден өтпеген оқушылар II кезеңге қатыса алмайды.

2. Екінші кезең – жобаны қорғау. Жобаны қорғау барысында авторға баяндама үшін 5 минут беріледі, ал біріккен авторларға 7 минут беріледі. Егер техникалық құралдар (компьютер, интерактивті тақта т.б.) қажет болған жағдайда жыл сайын 1 желтоқсанға дейін мектептерден сұраныс тапсырылуы тиіс.

V. Жарыстарға ұсынылатын ғылыми жобалар мен оларды рәсімдеуге қойылатын талаптар

I. Ғылыми конкурстарға тапсырылатын ғылыми жобаларға қойылатын талаптар:

- 1) ғылымның осы саласындағы бұрын танылмаған жекелеген қырларын, фактілерді, құбылыстарды және жаңалықтарды ашатын материалдар болу керек;
- 2) практикалық құндылығы зор, мектеп эксперименттерін жетілдіруге, өндірістік процестердің тиімділігін арттыруға ықпал ететін аппараттар, модельдер мен құралдар конструкцияларын ұсынатын жұмыстар;

3) әлеуметтік – экономикалық проблемаларды шешуге бағытталған компьютерлік модельдер және экономикалық – құқықтық негізі бар жобалар;

4) кәмелетке толмағандар үшін рұқсат етілмейтін аппаратура пайдаланған жағдайда, жануарларға қатігездік көрсетілетін, адам денсаулығы және жануарлар үшін зиян келтіретін заттарды (улы, радиоактивтік, канцорегендік және мутагендік әсері бар зерттелмеген биологиялық белсенді қосылыстар, адам және жануарлар үшін патогенді заттар немесе микроағзалар, вирустар, ішімдік, никотин) пайдалануға байланысты эксперименттері бар жұмыстар жіберілмейді;

5 бұрын қаралған және қорғалған жобалар ғылыми жарыстарының келесі кезеңіне қатысуға жіберілмейді.

II. Ғылыми жобаларды рәсімдеуге қойылатын талаптар:

1) жоба мәтіні компьютерде басылуы керек (14 шрифт) және мынандай құрылымнан тұрады:

- титул парағы (Қосымша 3);
- мазмұны;
- қазақ немесе орыс тілдерінде абстракт (жобаның қай тілде дайындалғанына байланысты), сондай – ақ ағылшын тілінде жазылады;
- кіріспе;
- зерттеу бөлімі;
- қорытынды;
- пайдаланған әдебиеттер тізімі.

2) **титул** парағында мыналар көрсетіледі:

- жұмыс орындалған ұйымның толық атауы, қаласы, мектебі;
- автордың (біріккен автордың) тегі, аты, сыныбы;
- жұмыстың атауы;
- жұмыстың дайындалған бағыты, секциясы;
- жетекшінің тегі, аты, әкесінің аты;
- қаласы (жарыстың өтетін жері), жылы;

абстракт (аннотация), (250 сөзден артық емес) жобаның қысқаша мазмұнын, мыналарды қоса алғанда, білдіреді:

- зерттеудің мақсатын;
- гипотезасын;
- кезеңдерін, зерттеудің рәсімін;
- эксперименттің әдістемесін;
- зерттеудің жаңалығын және дербестік дәрежесін;
- жұмыстың нәтижесін және қорытындысын;
- нәтижелерін, практикалық қолдану салаларын.

Кіріспеде (екі беттен артық емес) мыналар келтіріледі: зерттеу тақырыбының өзектілігі, жұмыстың мақсаты (міндеті), алға қойылған міндеттерді шешу әдістері қысқаша көрсетіледі.

Жұмыстың **зерттеу бөлімі** (20 беттен артық емес) жеке бөлімдерден (параграфтардан) тұруы мүмкін және мына құрылымда:

таңдап алынған жұмыстың практикалық құндылығына көз жеткізу мақсатында (міндетін) таңдалған тақырып бойынша нәтижелерге аналитикалық сараптама жасау;

- алға қойылған міндеттерді шешудің әдістерін сипаттау;
- жұмыстың нәтижесін талқылау;
- безендірілген материал (сызбалар, кестелер, фотосуреттер және суреттер т.б.);

пайдаланған әдебиетке сілтемені төртбұрышты жақшада беру керек, мысалы [2]. Мәтінде кездесетін сілтемелерге орай жүйелі нөмірленуі қажет;

қорытынды (бір беттен артық емес) негізгі жұмыстың нәтижелері (1 – 5) және олардың негізінде жасалған қорытындылары мен (1 - 2) ұсыныстарды қамтиды;

- жұмыс соңында жалпы тізіммен **пайдаланған әдебиеттер** мынандай тәртіпте беріледі:

- автордың тегі және қысқартылған аты – жөні;
- мақаланың және журналдың аты (журналдық мақалалар үшін);
- журналдың, кітаптың аты;
- басып шығарылған орны және баспа (кітаптар үшін);
- басылған жылы, шығу нөмірі, беті.
- әрбір жұмыста таңдалған тақырыптың өзектілігі, автордың жұмысқа сіңірген жеке еңбегі, жұмыстың кемшіліктері және нәтижелерін әрі қарай пайдалану жөніндегі ұсыныстар, жетекшінің пікірі қоса берілуі керек;
- ғылыми конкурстардың екінші кезеңіне (баяндамаға) **180X80 (см)** көлемдегі стендке орналастыратындай етіп демонстрациялық материалдарды өз қалаулары бойынша жасау ұсынылады.

3. Стендті рәсімдеуге қойылатын талаптар:

стендтің жоғарғы жағына көлденеңінен абстракты, қатысушының тегін, жасын, мектебінің, қаласының атауын орналастыру қажет;

стендтегі материал жұмыстың мазмұнын айқындайтын талғаммен ресімделген, нөмірленген кестелер, фотосуреттер, суреттер, диаграммалар, қорытындылар болуы тиіс;

мазмұнын дайындау кезінде назарды жоба авторының алған нәтижелерін көрсетуге аудару керек.

Ғылыми жоба нәтижелерінің нақтылығы мен мүлтіксіздігіне, диплом жұмыстарынан, магистрлық және кандидаттық диссертациялардан, ғылыми ұжымдардың есептерінен көшірілген нәтижелер еместігіне жауапкершілік ғылыми жетекшілеріне жүктеледі. Оқушы жаңа білім мен өз бетінше зерттеу қызмет дағдыларын ала отырып өз қолынан келетін жұмысты орындау керек.

VI. Жеңімпаздарды марапаттау

Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының бұйрығы негізінде I, II, III дәрежелі дипломдар және грамоталармен марапатталады. II кезеңнің

жеңімпаздары мен жүлдегерлері Республикалық ІІІ кезеңге қатысуға мүмкіндік алады.

2019 жылдың **15 маусым** күніне дейін және 2019 жылдың **5 қыркүйегінде** нақтыланған сұраныстарыңызды 2 тілде (оқытылу тілі және ағылшынша вариантымен қоса) Excel түрінде қағаз және электронды вариантта тапсыруларыңыз керек.

Қосымша 1

2019-2020 оқу жылында Республикалық ғылыми жобалар конкурсының ІІ кезеңіне сұраныс

№	Жоба авторының аты-жөні ФИО автора проекта ИИН	Жобаның тақырыбы Название проекта	Секция сы Секция	Сыныбы Класс	Оқытыл атын тілі Язык обучения	Мектеп тің толық атауы Школа	Мектептегі жетекшісі мен ғылыми жетекшісінің толық аты-жөні ФИО руководителя	Жобамен айналыса бастаған жылы Год начала работы над проектом
1 бағыты: Ғылыми- техникалық прогресс -экономикалық өсудің негізгі буыны 1 направление: Научно-технический прогресс-как ключевое звено экономического роста								
1			Физика					
2 бағыты: «Экономикалық және әлеуметтік процестерді математикалық модельдеу» 2 направление: «Математическое моделирование экономических и социальных процессов»								
1			Математика					
2			Прикладная математика					

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша ғылыми жобалар конкурсына сұраныс ағылшын тілінде жазылады

№	First name	Middle name	Grade	High school	Gender	Team/ Individual
1						

Қосымша 2

а) 2019 - 2020 оқу жылындағы оқушылардың ғылыми қоғамы жөнінде мәлімет

Мектеп, мекен-жайы	ОҒҚ атауы	ОҒҚ жетекшісі	Секция-лар саны	Атауы, секция жетекшісі	Қатысушылар		Жобалар саны 2015-2016 жж.
					саны	Қазақ тілінде	

б)

Барлық жобалар саны	Қаз.тілінде барлығы	Барлық топтар	Осы жылдарда басталған жобалар саны				Оқушылар саны				Олардың ішінде		Барлық оқушылар
			2016	2017	2018	2019	8 сынып	9 сынып	10 сынып	11 сынып	ұл	қыз	

в) 2019-2020 оқу жылындағы оқушылардың республикалық ғылыми жобалар конкурсының I кезеңі н өткізу қорытындысы жөнінде есеп (оқушылар мен жобалар саны)

Кезең	Барлығы			Олардың ішінде									
	Мектеп №	Қатыс.	Жоба	Қалалық		Қазақ тілінде			Гимназия, лицей			Мемл.емес мектеп	
				мектеп	қатысушылар	мектеп	қатысушылар	призеры	мектеп	қатысушылар	жүлдегерлер	мектеп	қатысушылар
1(мектепшілік)													

Қосымша 3

Тестілеуді өткізу үшін бейіндік пәндердің тізімі

№	Секциялар	Бейіндік пәндер
1	Физика	Физика
2	Техника	Физика
3	Жер және Космос туралы ғылымдар	Физика
4	Математика	Математика
5	Қолданбалы математика	Математика
6	Информатика	Математика, информатика
7	Экономика	Математика, география
8	Биология	Биология
9	Химия	Химия
10	Адам денсаулығы және қоршаған ортаны қорғау	Биология
11	Тарих	Дүниежүзі тарихы және Қазақстан тарихы
12	Құқық	Дүниежүзі тарихы және құқықтану
13	Өлкетану	География және Қазақстан тарихы
14	Этномәдениеттану	Қазақ әдебиеті, дүниежүзі тарихы және Қазақстан тарихы
15	Әдебиет	Қазақ әдебиеті және орысәдебиеті
16	Тілтану	Қазақ тілі немесе орыс тілі, ағылшын

**1-7-сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары мен
шығармашылық жобаларының «Зерде» республикалық конкурсы
Ережесі**

I. Конкурстың мақсаты мен міндеттері

1. Байқаудың басты мақсаты - балалардың танымдық қызығушылықтары және интеллектуалдық-шығармашылық әлеуетін ынталандыру.

2. Байқаудың басты міндеттері: оқушылардың интеллектуалдық шығармашылығын мектеп жасынан дамыту, бала кезінен ғылыми ізденіс жұмыстарына қызығушылығын ояту;

- ғылыми-техникалық және интеллектуалдық шығармашылық саласындағы қабілетті және дарынды балаларды айқындау, оларға қолдау көрсету;

- оқушылардың жоғары жетістіктерін, білім беру ұйымдарының оқу және ғылыми-ізденістегі жұмыс тәжірибесін, өзара қарым-қатынасын ұйымдастыруды насихаттау және таныту;

- мектепте ғылыми ізденіс жұмыстарына жетекшілік ететін педагогикалық кадрлардың әлеуметтік мәртебесін арттыру және кәсіби жетілдіру.

- қоғамның интеллектуалдық әлеуетін дамыту проблемасына көпшіліктің назарын аудару.

II. Конкурстың ұйымдастыру комитеті мен қазылар алқасы

3. Ұйымдастыру комитеті Конкурсты өткізу бағдарламасын дайындайды, Конкурсты дайындау және өткізу басшылығын тікелей жүзеге асырады, қазылар алқасының құрамын тағайындайды, конкурстың қорытындысын шығарып, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды. Финалға - Республикалық кезеңге қатысатын Нұр-Сұлтан қаласы оқушылар-командасының құрамын қалалық конкурс жеңімпаздары мен жүлдегерлері арасынан іріктейді.

4. Қазылар алқасы қатысушылардың жұмыстарын тексереді және бағалайды, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

III. Конкурсты ұйымдастыру мен өткізу тәртібі

5. Конкурсқа Астана қаласы мектептерінен 1-7-сынып оқушылары жеке, сондай-ақ командалық құрамда (2 қатысушыдан аспайтын) қатыса алады.

6. Конкурсқа қатысу үшін міндетті түрде ұйымдастыру комитеті - «Астана дарыны» өңірлік ғылыми практикалық орталығына өтінімнің электрондық және қағаз түрі жіберіледі. Өтінімді қабылдау **келесі оқу жылының есебінде мамыр айының 11-20 күндері аралығындағы** мерзімде жүзеге асырылады. Конкурстың қалалық (іріктеу) кезеңіне өтінімде мектептік кезеңнің нәтижесі бойынша I орын алған оқушылардың тізіміне қосымша ағымдағы жылдың бірінші (мектептік) кезеңі хаттамасының көшірмесі беріледі. Әр секциядан жас ерекшелігіне байланысты 2 оқушыдан (1-4 сыныптар, 5-7 сыныптар) 16 оқушы.

Оқушылардың жұмыстары қыркүйек айының 20-30 күндері аралығында қабылданады. Жұмыстың электрондық және қағаз нұсқасы (Excel) мына мекен-жайға: «Астана дарыны» ДДЖПСО, Достық-13, Нұрсая-2 тапсырылады.

1-7 сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының «Зерде» конкурсы қалалық кезеңіне қатысуға сұраныс үлгісі:

**«Астана дарыны»
ӨГПО директоры**

**1-7-сынып оқушыларының зерттеу жұмыстары мен
шығармашылық жобаларының «Зерде» республикалық конкурсына
қатысуға сұраныс**

№	Оқушының аты-жөні	Жобаның атауы	Секциясы (пәні)	Сыныбы	Мектебі	Оқыту тілі	Жетекшісінің аты-жөні	Байланыс телефоны

7. Берілген мерзімнен кейін тапсырылған немесе берілген талаптар орындалмаған жұмыстар қабылданбайды.

8. Қалалық конкурстың өту мерзімін www.astanadaryn.narod2.ru сайтынан қараңыз

9. Конкурс екі түрлі жас категориясына байланысты өтеді:

1 топ - 1-4 - сынып оқушылары;

2 топ - 5-7 - сынып оқушылары

10. Конкурс 3 кезеңнен тұрады:

I кезең - мектептік, білім беру мекемелерінде өткізіледі;

II кезең - қалалық, ағымдағы оқу жылының 5 қаңтарына дейін «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығының ұйымдастыруымен өткізіледі.

Қалалық кезең екі турдан тұрады:

Бірінші тур - іріктеу (сырттай) - 1-20 қазан күндері аралығында ғалымдардан, мамандардан құралған эксперттік комиссия мүшелері экспертиза жұмыстарын жүргізеді. Іріктеу турының қорытындысын 25 қазаннан кейін www.astanadaryny.kz сайтынан білуге болады.

Екінші тур - іріктеу кезеңнен өткен оқушылар зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларын (қорғау уақыты 5-7 минут) қорғайды.

11. Мектеп оқушыларының зерттеу жұмыстарын қорғау 8 секция бойынша жүргізіледі:

1-секция - қазақ тілі мен әдебиеті;

2-секция - орыс тілі мен әдебиеті;

3-секция - математика - информатика;

4-секция - физика - техника;

- 5-секция - медицина, психология;
- 6-секция - тарих, өлкетану, этномәдениеттану;
- 7-секция –биология, химия;
- 8-секция – экология, валеология.

12. Конкурс қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.

13. Конкурстың іріктеу кезеңінен өтпеген жұмыстар қайтарылады.

14. Оқушылардың конкурсқа қатысу барысындағы, талап етілген жерге бару, келу кезіндегі өмірі мен қауіпсіздігіне жауапкершілік команда жетекшесіне жүктеледі. Жетекші талапқа сәйкес білім мекемесінің басшылығымен тағайындалады.

Қалалық конкурстың өткізілу күні мен орны туралы www.astanadaryny.kz сайтынан білуге болады.

Үшінші (қорытынды) кезең - республикалық, жыл сайын ағымдағы оқу жылының наурыз айында «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен өткізіледі.

15. Қалалық кезеңнің нәтижесі бойынша Конкурстың қорытынды кезеңіне қатысушылардың тізімі анықталады, әр секциядан 2 оқушыдан жас ерекшелігіне байланысты топтар бойынша (1-4-сынып, 5-7-сынып). I топ – 8 оқушы; II топ – 8 оқушы (I орын алғандар), бір жетекші және медбике тағайындалады.

16. Қорытынды кезеңде оқушылардың зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалары қорғалады. Жұмыстың қорғауға (слайд презентациясы) 5-7 минут уақыт беріледі.

17. Оқушылардың конкурсқа қатысу барысындағы, талап етілген жерге бару, келу кезіндегі өмірі мен қауіпсіздігіне жауапкершілік команда жетекшісіне жүктеледі. Жетекші мен медбике талапқа сәйкес білім мекемесінің басшылығымен тағайындалады.

18. Ұйымдастыру комитетінің адресі: «Астана дарыны» ДДЖПСО, Нұр-Сұлтан қ., Достық -13, Нұрсая-2, «Зерде» конкурсы бойынша, тел. 202583, [e-mail: astanadaryn@mail.ru](mailto:astanadaryn@mail.ru), www.astanadaryny.kz

IV. Конкурсқа ұсынылатын зерттеу жұмысының жабдықталуына қойылатын талаптар

19. Әрбір секция бойынша зерттеу жұмыстары теориялық, эксперименттік негізде болады. Зерттеу жұмыстары қазақ немесе орыс тілдерінде ұсынылады. Жұмыс көлемі **20 беттен аспауы керек**. Беттердің нөмірлері белгіленіп, берілген аралықта жазылуы тиіс.

20. Зерттеу жұмысында жетекшінің пікірі, маманның рецензиясы, зерттеушінің таңдаған тақырыбына қосқан жаңалықтары, жетістіктері мен кемшіліктеріне шолу болуы керек.

21. Жұмысты рәсімдеуге қойылатын талаптар:

1) жұмыс мәтіні толық компьютерде басылып шығуы тиіс (WORD; 14 шрифт; 1,5 интервал; сол жақтан шегініс - 2 см) және сондай-ақ :

- **титүл парағы** титүл парағында көрсетілетіндер: жұмыс орындалған мекемелердің атауың толық көрсету, жұмыстың тақырыбы, секциясы,

орындаушы (аты-жөні, сыныбы), оқушыға жетекші мұғалімнің (аты-жөні, қызметі), жұмысқа жетекші ғалымның (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, қызметі, жұмыс орны), жұмыстың орындалған уақыты;

- **резюме (аннотация):** жұмыстың қай тілде жазылуына байланысты беріледі (тақырыбы, мақсаты, міндеттері, өзектілігі, өткізілетін аймағы, қорытынды, ұсыныс);

- **мазмұны:** бөлімдер және оның беттері көрсетіледі (жаңа беттен басталады);

- **кіріспе:** таңдалған тақырыптың өзектілігіне, мақсат- міндеттеріне көңіл бөле отырып, пайдаланған әдебиеттерге (отандық және шетелдік) және жұмысқа қысқаша шолу жасау (жаңа беттен басталады);

- **негізгі бөлім:** зерттеу материалы мен әдістері, эксперименттік жұмыс нәтижелері және оларды талқылау (жаңа беттен басталады);

- **қорытынды бөлім:** нәтижелер мен ұсыныстар (жаңа беттен басталады);

- **қолданылған әдебиеттер тізімі** (жаңа беттен басталады); мен әлеуметтік желіден алған материалдар тізімі.

22. Конкурстың қорытынды кезеңінде қатысушының зерттеу жұмысын немесе шығармашылық жобасын қорғау үшін қажетті көрнекі-құралдары, сызбалары, суреттері немесе макеттері болуы керек.

V. Қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

23. Конкурс жұмыстары мынадай ерекшеліктермен бағаланады:

- өзіндік даралық;
- шығармашылық ізденіс;
- берілген сұрақтарға жауаптардың толық болуы;
- мәселелердің терең талқылануы.

24. Конкурсты қорытындылау финалды өткізу барысында жүзеге асырылады. Жеңімпаздар әр секция бойынша және екі жас ерекшеліктеріне байланысты анықталады:

- 1) 1-4 сынып оқушылары;
- 2) 5-7 сынып оқушылары;

25. Барлық қатысушыларға «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығының сертификаты беріледі. Қалалық конкурстың жеңімпаздары I, II, III дәрежелі дипломдармен және грамоталарымен марапатталады.

26. Республикалық кезең жеңімпаздары «Дарын» РҒПО-ның I, II, III дәрежелі дипломдармен және грамоталарымен марапатталады. Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

VI. Қаржыландыру

27. Ісшараны қаржыландыру бекітілген сметаға сәйкес жүзеге асырылады.

28. Республикалық конкурс қатысушылары мен жетекшілерінің іссапар шығындары жіберуші жақтың есебінен төленеді.

ЖАЛПЫБІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ ІІ (АУДАНДЫҚ) КЕЗЕҢІН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ

1.Жалпы ережелер

1. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері: ғылыми білімді насихаттау және оқушылардың ғылыми қызметке қызығушылығын дамыту, дарынды балаларды анықтау үшін қажетті жағдай жасау, халықаралық олимпиадаларға қатысатын оқушыларды іріктеу және даярлау, Қазақстан Республикасында білімнің беделін көтеру болып табылады.

2. Олимпиаданы жыл сайын «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығы өткізеді (бұдан әрі «Астана дарыны» ДДжПСО). Тапсырмаларды «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының әдіскерлер кеңесі дайындайды.

3. Олимпиаданың өтуіне 1 ай уақыт қалғанда мемлекеттік, мемлекеттік емес білім беретін оқу орындары «Астана дарыны» ДДжПСО-на сұраныстарын жіберулері тиіс, сұраныста қатысушылардың саны, қандай пәнге қатысатыны, сыныбы, қай тілде оқитындығы туралы толық ақпарат болу керек. Сұраныс мұғалімдер мен оқушылардың құжаттарына сай толтырылуы тиіс.

4. Аудандық олимпиада келесі пәндер бойынша өткізіледі: математика, физика, химия, биология, география, информатика, тарих, құқық, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс мектептеріндегі қазақ тілі, орыс тілі мен әдебиеті, қазақ мектептеріндегі орыс тілі, ағылшын тілі, француз тілі, неміс тілі. Олимпиадаға қатысу құқығына ие болған оқушылар өздерімен бірге рұқсат қағаздарын ала келу керек. Мектептерден сұраныс берген жағдайда, «Астана дарыны» қатысушыларды тіркеп, рұқсат қағазын береді.

Рұқсат қағазы оқушының жеке куәлігі бойынша толтырылады. Оқушының 3х4 суреті жапсырылып, білім беру мекемесінің мөрі басылады.

Төменде рұқсат қағазының үлгісі берілген және оны «Астана дарыны» сайтынан да алуға болады. Рұқсат қағазының екі жағы да толтырылады.

3*4 оқушысының фотосы Мектептің мөрі «Астана дарыны» ДДжПСО- ның мөрі	«Астана дарыны» ДДжПСО Аудандық олимпиадаға РҰҚСАТ ҚАҒАЗЫ № Ф _____ А _____ ұлты _____ ұялы _____ телефоны _____ Мектебі _____ Ауданы _____ Сыныбы _____ Пәні _____ Оқытылу тілі _____ Өзімен бірге: рұқсат қағазы, қалам. информатиктер үшін – CD-R.дискі болу керек Өтетін орыны мен уақыты _____ Қосымша ақпаратты: (ф)20-25-31, 20-26-71 және E-mail: astanadaryn@mail.ru бойынша алуға болады ДДжПСО «Астана дарыны» директоры
--	--

Олимпиада кезінде аудиторияда сақталатын ережелер

Олимпиада өтіп жатқан кезде оқушыға

ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

1. Рұқсатсыз және жетекшісіз аудиториядан шығуға;
2. Орынын ауыстыруға;
3. Ақпараттарды, материалдарды айырбастауға, бір-біріне хат жазуға;
4. Ақпараттық материалдарды, электронды жазба кітапшаларды, ұялы телефондарды және басқа да коммуникациялық заттарды қолдануға болмайды.

Олимпиада кезінде оқушы ұялы телефонмен, шпаргалкамен пайдаланған жағдайда, «Астана дарыны» ДДжПСО – ның жауапты қызметкері оқушының қатысуымен акт жасап, қолданған затын алып, ұйымдастыру комитетінің шешімімен аудиториядан шығарылады, олимпиаданың қорытындысы есептелінбейді.

Оқушының қолы _____

Уақыты _____

5.Олимпиаданың екінші кезеңіне мектептердің 8-11 сынып оқушылары қатысады. Орыс тілді мектептеріндегі қазақ тілінен ұлты қазақ оқушы олимпиадаға қатыса алмайды.

6.Қазылар алқасының құрамына жоғары оқу орындарының мұғалімдері, әдіскерлер, білім басқармасының білікті мамандары енгізіледі..

7. Олимпиада қатысушыларын марапаттау.

Аудандық олимпиаданың жүлдегерлері мен жеңімпаздары дипломдармен, грамоталармен марапатталады.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАНЫҢ ІІІ (ҚАЛАЛЫҚ) ТУРЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ

Жалпы ережелер

1. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері: ғылыми білімді насихаттау және оқушылардың ғылыми қызметке қызығушылығын дамыту, дарынды балаларды анықтау үшін қажетті жағдай тудыру, халықаралық олимпиадаларға қатысатын оқушыларды іріктеу және даярлау, Қазақстан Республикасында білімнің беделін көтеру болып табылады.

2. Олимпиаданы жыл сайын «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығы өткізеді. (бұдан әрі «Астана дарыны» ДДжПСО) Тапсырмаларды «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының әдіскерлер кеңесі дайындайды.

3. Қалалық олимпиада келесідей пәндер бойынша өткізіледі: математика, физика, химия, биология, география, информатика, тарих , құқық, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс мектептеріндегі қазақ тілі, орыс тілі мен әдебиеті, қазақ мектептеріндегі орыс тілі , ағылшын тілі, француз тілі, неміс тілі.

4. Олимпиаданың үшінші кезеңіне барлық білім беретін мекемелердің аудандық олимпиадада жүлделі орын алған 8-11 сынып оқушылары қатысады.

Дарынды балаларға арналған №9 «Зерде» мектебі, Дарынды ер балаларға арналған «Білім-инновация» лицейі, дарынды қыз балаларға арналған «Білім-инновация» лицейі, №82 "Дарын" мамандандырылған лицейі, халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздары, олимпиадалық резерв командасының мүшелері аудандық олимпиадаға қатыспай-ақ, қалалық олимпиадаға қатысуға мүмкіншілік алады.

Олимпиадаға қатысу құқығына ие болған оқушылар өздерімен бірге рұқсат қағаздарын ала келу керек. Мектептерден сұраныс «Астана дарыны» ДДжПСО-нда тіркеліп, орталықтың мөрімен расталғаннан кейін рұқсат қағазы беріледі.

Рұқсат қағазы оқушының жеке куәлігі бойынша толтырылады. Оқушының 3x4 суреті жапсырылып, білім беру мекемесінің мөрі басылады.

Төменде рұқсат қағазының үлгісі берілген және оны «Астана дарыны» сайтынан да алуға болады. Рұқсат қағазының екі жағы да толтырылады.

3*4 оқушысының фотосы	«Астана дарыны» ДДжПСО Қалалық олимпиадаға РҰҚСАТ ҚАҒАЗЫ №
Мектептің мөрі «Астана дарыны» ДДжПСО- нің мөрі	Ф А _____ ұлты _____ ұялы телефоны _____ Мектебі _____ Ауданы _____ Сыныбы _____
Пәні _____ Оқытылу тілі _____	
Өзімен бірге: рұқсат қағазы, қалам. Өтетін орыны мен уақыты _____	
Қосымша ақпаратты: (ф)20-25-31, 20-26-71 және E-mail: astanadaryn@mail.ru бойынша алуға болады	
ДДжПСО «Астана дарыны» директоры	

Олимпиада кезінде аудиторияда сақталатын ережелер

Олимпиада өтіп жатқан кезде оқушыға
ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

1. Рұқсатсыз және жетекшісіз аудиториядан шығуға;
2. Орынын ауыстыруға;
3. Ақпараттарды, материалдарды айырбастауға, бір-біріне хат жазуға;
4. Ақпараттық материалдарды, электронды жазба кітапшаларды, ұялы телефондарды және басқа да коммуникациялық заттарды қолдануға болмайды.

Олимпиада кезінде оқушы ұялы телефон, шпаргалкамен пайдаланған жағдайда, «Астана дарыны» ДДжПСО – ның жауапты қызметкері оқушының қатысуымен акт жасап, қолданған затын алып, ұйымдастыру комитетінің шешімімен аудиториядан шығарылады, олимпиаданың қорытындысы есептелінбейді.

Оқушының қолы _____
Уақыты _____

Қазылар алқасының құрамына жоғары оқу орындарының мұғалімдері, әдіскерлер, тәжірибелі ұстаздар және білім басқармасының білікті мамандары енгізіледі.

6. I турдың нәтижесі бойынша келесі күні II турдың басталуына дейін сағат 9.00-10.00 аралығында координация өтеді. Координацияға қатысушы, қазылар алқасының төрағасы және тапсырманы тексерген қазылар алқасының мүшелері қатысады.

7. Олимпиада қатысушыларын марапаттау.

Қалалық олимпиаданың жүлдегерлері мен жеңімпаздары дипломдармен, мақтау қағаздарымен және Білім басқармасы бекіткен сыйлықтармен марапатталады.

Қосымша ақпаратты ұйымдастыру комитетінен алуға болады:
Нұр-Сұлтан қаласы, Достық, 13 («Нұрсая - 2») «Астана дарыны» ДДжПСО, 2 қабат, 225/1 кабинет тел. 20-26-71.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ЕЛОРДАЛЫҚ МЕКТЕПТЕРДІҢ КӨШБАСШЫ- ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ КОНКУРСТЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Мақсаты: жас буынның білімге деген ынтасын арттыру, көшбасшылық қасиеттерін дамытып, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру.

Міндеттері:

- ел табысы мен жетістіктерін құрметтейтін қазақстандық патриот келбетін кеңінен таныту;
- жастар санасында болашаққа ортақ мақсат пен ұмтылысты нығайту.

Ұйымдастырушылар: Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасының «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығы.

Конкурсқа қатысушылар: Нұр-Сұлтан қаласы білім мекемелерінің 10- сынып оқушылары.

Қатысу шарттары:

- негізгі мектеп пәндері бойынша интеллектуалдық қабілеті жоғары;
- логикалық және психологиялық тапсырмаларды орындауы;
- ой өрісінің кеңдігі IQ деңгейінде;
- қоғамдық өмірге белсенді ;
- көшбасшылық қабілеті;
- шешендік қабілеті.

Конкурстың мектепшілік кезеңде жоғары ұпай жинаған оқушылар қалалық іріктеу (тестілеу) турына қатысады.

Іріктеу турында тест қорытындысы бойынша жоғары ұпай жинаған оқушылар қалалық кезеңге қатысады.

Финалдық кезең келесі турлардан тұрады:

I тур. «Бәйге» (негізгі мектеп пәндері бойынша жан-жақты білім деңгейін анықтайтын сұрақтар)

Әр қатысушыға 2 сұрақтан қойылады.

Ойлануға берілетін уақыты – 30 сек.

II тур. Блиц-турнир

Әр қатысушыға 2 сұрақтан қойылады.

Ойлануға берілетін уақыты – 30 сек.

III тур. Берілген тақырып бойынша спич. «Шешендік өнер»

Ойлануға берілетін уақыты – 2 минут

Спич -1 минут .

Конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері Бас жүлде, I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады, сонымен қатар бағалы сыйлықтар тапсырылады.

5-7- СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА ӨТКІЗІЛЕТІН «ЖАС МАТЕМАТИК» ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Жалпы ережелер

1. Олимпиаданың мақсаты:

- оқушылардың оқуға қызығушылығын арттыру;
- оқушылардың танымдық қызығушылығын дамыту және ой өрісін кеңейту;
- оқушылар арасында ғылыми жұмыстармен шұғылдануға баулу;
- ғылыми мектеп қоғамындағы қызығушылығы бойынша үйірме жұмыстарының нәтижесін анықтау;
- талантты және дарынды оқушыларды анықтау.

2. Олимпиадаға қатысушылар

- олимпиадаға 5-7 сынып оқушылары қатысады
- олимпиадаға оқыту тілі бойынша параллель сыныптардан бір оқушыдан катыса алады.

3. Олимпиада математика пәні бойынша өтеді

4. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі:

Олимпиада «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығының бекітілген өткізу кестесіне сәйкес ұйымдастырылады.

Олимпиада тапсырмалары «Астана дарыны» мөрі басылған дәптерлерде геометриялық құралдар мен қарындашты пайдалана отырып, көк пастамен орындалады. Әр қатысушы қазақ және орыс тіліндегі тапсырмалар мәтіндерімен қамтамасыз етіледі.

5. Олимпиадаға жетекшілік ету және олимпиаданы өткізуді Білім басқармасының «Астана дарыны» ДДжПСО жүзеге асырады.

6. Олимпиаданы ұйымдастыру комитеті:

- олимпиада тапсырмаларын құрастыру үшін мұғалімдердің эксперт тобын ұйымдастырады;
- олимпиада өткізуге қажетті барлық құжаттарды дайындайды;
- олимпиада жұмыстарын тексеру ережелерін сақтауды және олимпиада нәтижелері хаттамаларын уақытында рәсімдеуді бақылайды;
- олимпиада аяқталған соң, оның ұйымдастырылуы мен нәтижесін саралайды;

7. Олимпиада нәтижесі бойынша сыныптардың әр параллелінен:

- бірінші орыннан біреу;
- екінші орыннан екеу;
- үшінші орыннан үшеу беріледі.

Қосымша ақпаратты ұйымдастыру комитетінен алуға болады:

Нұр-Сұлтан қаласы, Достық, 13 («Нұрсая - 2») «Астана дарыны» ДДжПСО, 2 қабат, 225/1 кабинет тел. 20-26-71.

4-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА ОЛИМПИАДАНЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер.

1.1. Олимпиаданың негізгі мақсаттары:

- оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру;
- оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамыту және дүниетанымдарын кеңейту;
- оқушылар арасында ғылыми білім мен ғылыми қызметті үгіттеу;
- үйірме жұмысының нәтижелерін ғылыми мектеп қоғамының қызығушылықтары арқылы анықтау;
- дарынды және талантты оқушыларды анықтау.

1.2. Олимпиада екі кезеңде өткізіледі:

бірінші кезең – мектепішілік.

екінші кезең – қалалық (жыл сайын сәуір айында).

1.3. Олимпиада математикадан, қазақ тілінен (қазақ тілінде оқытатын сыныптарда), математикадан және орыс тілінен (орыс тілінде оқытатын сыныптарда), дүниетанудан өткізіледі.

2. Олимпиада қатысушылары:

2.1. Олимпиада қатысушылары 4-сынып оқушылары.

2.2. Олимпиадаға қатысу үшін әр сыныптан оқыту тілі бойынша әр параллельден 1 оқушы.

3. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі.

3.1. Олимпиада «Астана дарыны» ДДЖПСО-мен өткізу кестесіне сәйкес ұйымдастырылады;

3.2. Тапсырмалар «Астана дарыны» ДДЖПСО-ның ғылыми кеңесімен құрастырылып, бекітіледі;

3.3. Олимпиада материалдық-техникалық базасы ең жақсы мектептерде өткізіледі.

3.4. Олимпиадалық тапсырмалар «Астана дарыны» ДДЖПСО мөрімен расталған дәптерлерде орындалады, жұмыс көк сиялы қаламмен жазылады, геометриялық элементтері келтірілген тапсырмалар геометриялық құралдарды пайдалану арқылы қарындашпен орындалады;

3.5. Әр қатысушы қазақ және орыс тілдерінде тапсырма мәтінімен қамтамасыз етілуі қажет;

3.6. Олимпиада өткізіліп жатқан мектептегі тәртіпті сақтау директор бұйрығымен тағайындалған мектеп мұғалімдеріне жүктеледі;

3.7. Олимпиада кезінде сайысқа қатысушыларға педагогтар тарапынан көмек көрсетуге тыйым салынады;

3.8. Олимпиада жұмыстарының тексерілуін қазылар алқасы іске асырады.

4. Олимпиаданы ұйымдастырып, өткізу және басшылық жасау «Астана дарыны» ДДЖПСО -на тапсырылады.

5. Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті:

- 5.1. Олимпиаданың өткізілуі мен тәртібін келісіп шешеді;
- 5.2. Олимпиадалық тапсырмаларды құрастыру бойынша мұғалімдерден құралған сараптама тобының жұмысын ұйымдастырады;
- 5.3. Олимпиаданы өткізуге барлық қажетті құжаттарды дайындайды;
- 5.4. Олимпиадалық жұмыстарды тексеру ережелерінің сақталуын және алдын – ала нәтижелер хаттамасының дер кезінде рәсімделуін қадағалайды;
- 5.5.Олимпиада аяқталғаннан кейін оның ұйымдастырылуы мен нәтижелерін талдайды;
- 5.6. Олимпиада нәтижелері бойынша әр пәннен орындар белгіленеді.

- Қосымша ақпаратты ұйымдастыру комитетінен алуға болады:
Нұр-Сұлтан қаласы, Достық,13 («Нұрсая - 2») «Астана дарыны» ДДжПСО, 2
кабат, 225/1 кабинет тел.20-26-71.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН «БАСТАУ» ҚАЛАЛЫҚ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТУРНИРИНІҢ ЕРЕЖЕСІ

2009 жылдан бастап, Нұр-Сұлтан қаласында бастауыш сынып оқушыларына арналған «БАСТАУ» қалалық математикалық турнирі өткізіледі. Турнир жеңімпаздары Алматы қаласында бастауыш сынып оқушыларына арналған «БАСТАУ» Қазақстандық математикалық турниріне қатысады.

Турнирдің негізгі мақсаттары:

- бастауыш сынып оқушылары арасынан математика пәніне деген қабілеті жоғары, дарынды балаларды анықтап, оларға арнайы жағдай жасау;
- математикадан оқушылардың олимпиадалық резервін қалыптастыру;
- баланың математикалық білімін, математикаға деген қызығушылығын арттыру;
- оқушыларының ізденушілік және шығармашылық қабілеттерін ынталандыру.

Турнирдің қатысушылары:

Турнирге Нұр-Сұлтан қаласы мектептерінің командалары қатысады. Команданың құрамында бір жетекші мен 3 оқушы болу керек: 2 сыныптан-1 оқушы, 3- сыныптан-1 оқушы, 4- сыныптан-1 оқушы.

- топ жетекшісі - топтың жаттықтырушысы болып табылады;
- турнир аяқталғанға дейін баланың өмірі мен қауіпсіздігіне жауапкершілік топ жетекшісіне жүктеледі;
- жетекші бастауыш математикалық білім саласында маман болу керек (бастауыш сынып мұғалімі, математика пәні мұғалімі, математика үйірмесінің жетекшісі, әдіскері).

Турнирді өткізу.

Турнир (ауызша түрде) 3 турдан тұрады: қазақ және орыс тілдерінде. Әр тур жеке және командалық біріншілікті анықтап отырады. Барлық қатысушылар сертификат алады. Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдармен, мақтау қағаздарымен марапатталады. Топтың үздік жаттықтырушыларына «Астана дарыны» ДДжПСО-ның арнайы мақтау қағаздары беріледі.

Турнир жыл сайын сәуір айының 2- онкүндігінде өткізіледі. Өткізілу орны қосымша айтылады.

Бірінші тур: «Математикалық көкпар» математикалық жарыс түрінде өтеді. Топқа тапсырма беріледі, олар тапсырмаларды жетекшінің көмегінсіз орындайды, содан кейін көкпарда бір-бірімен жарысады.

Екінші тур: «Математикалық бәйге» ауызша топтық олимпиада түрінде өтеді. Топтар берілген тапсырмаларды белгіленген уақыт аралығында орындауы тиіс. Топтың ішінен бір қатысушы орындаған тапсырмаларын қазылар алқасына ауызша айтып беруі керек.

Турнирге қатысушыларды жалпы бағалау критерийлері:

- математикалық бағдарлама материалдарын меңгеру сапасы: білімі, біліктілігі, дағдылары;

- логикалық ойлау деңгейі: танымдық және шығармашылық белсенділігінің деңгейі;

- топта жұмыс істей білуі: тәрбиелілігі, жан – жақтылығы;

- өз ойын жеткізе білуі және өзін-өзі таныстыру қабілеті.

Топтарды тіркеу шарттары.

Сырттай тұрға қатысу үшін әр жылдың 20 желтоқсанына дейін Турнир тақырыбы бойынша шешімдерімен 2 тапсырманы және берілген үлгі бойынша қатысуға сұранысты жіберу керек:

3-4 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА ӨТЕТІН КОМАНДАЛЫҚ МАТЕМАТИКАЛЫҚ САЙЫСТЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Математикалық сайыс - бұл әр мектептен келген командалар арасындағы математикалық тапсырмаларды шешу бойынша өткізілетін топтық жарыс. Конкурстың бұл түрі математиканы тереңдетіп оқытатын сыныптардағы оқушыларға танымал, дәстүрлі ойын. Математикалық конкурс көптеген белгілі турнирлерден тұрады.

Негізгі мақсаты:

- оқушыларды дәстүрден тыс күрделі тапсырмаларды өз бетімен шешіп дағдылануға;
- топпен жұмыс істеуге дағдылануға;
- жолдастарына өз шешімін жеткізе білуге;
- шешім барысында туындаған қиындықтарды жеңуге, жауабын анықтауға үйрету;
- шешендік дағдысын қалыптастыру;
- сын тұрғысынан ойлауды дамыту;

Жалпы ереже. Математикалық конкурс екі бөлімнен тұрады. Топтар тапсырмалар мен оларды шешуге берілген уақыт шартымен танысады. Тапсырмаларды шешу барысында топтар кез келген әдебиеттерді пайдалана алады, бірақ қазылар алқасынан басқа ешкіммен де сөйлесуге болмайды.

Берілген уақыт бітісімен топтар тапсырмаларының шешімдерін бір-біріне айта бастайды. Егер бір топ шешімін айта бастаса екінші жақ оны жоққа шығарады, яғни одан кемшіліктер іздейді. Шешім болмаса қарсыласы өз шешімін көрсетеді. Қазылар алқасы баяндамашы мен қарсыластарының әрекетін ұпай жүйесімен бағалайды. Егер топтар талқылау барысында тапсырманы аяғына дейін шеше алмай немесе бір -бірінің қателіктерін таба алмаса, онда қазылар алқасы ұпайдың жартысын болмаса барлығын ала алады. Егер конкурс соңында топтардың нәтижелерінде *үш ұпайлық қана айырмашылық болса, онда конкурс тең түседі.* Негізінде ең көп ұпай жинаған топ жеңіске жетеді.

Конкурс шарты бойынша тең түспеу керек. Конкурс барысында топ басшылары қазылардан 5-10 минутқа үзіліс беруін сұрай алады. (Мысалы, бір

жарым сағат сайын). Үзіліс әр түрлі тапсырмаларды талқылау барысында беріледі. Үзілісті сұраушы топ жазбаша түрде береді.

Математикалық сайыстың қатысушылары. Математикалық сайысқа әр мектептен 1 команда: бастауыштың 3-сыныбынан 1 оқушы, 4-сыныбынан 2 оқушы қатысады.

Математикалық сайыстың өтуі. Математикалық сайыс үш турда өтеді. Бірінші тур – мектепішілік. Екінші турға мектепішілік турдың жеңімпаз командалары шығады. Аралас мектептерден оқыту тіліне қарамастан, тек қана бір жеңімпаз, мықты команда келеді. Екінші іріктеу турында жазбаша математикалық тапсырмалар орындайды. Үшінші тур – математикалық сайыс.

Сайыс 4 кезеңнен тұрады

- топтық тапсырма (онда 3 тапсырма),
- экспресс тапсырма(6 тапсырма, 1 оқушы 2 есептен шығарады),
- конкурстық тапсырма,
- капитандар сайысы(3 тапсырма)

Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі

3-4 сынып оқушыларына арналған математикалық сайыс - 3 кезеңнен тұрады.

I кезеңі мектепішілік өтеді;

II кезеңі іріктеу кезеңі, жазбаша түрде;

III кезеңі математикалық сайыс.

Математикалық сайысты өткізудің негізгі міндеттері, қатысушылар туралы, сайысты өткізу және сайыс қатысушыларын жалпы бағалау критерийлері (қосымшада) берілген.

Командаларды тіркеу шарты: 3-4 сынып оқушылары II кезеңге қатысу үшін, мектепішілік кезеңнің жеңімпаз командалары сұранысты төмендегі үлгі бойынша жібереді:

	Мектебі	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Оқыту тілі	Топ жетекшісінің аты-жөні	Топ жетекшісінің қызметі	Байланыс телефоны:

Сұраныстардағы оқушының және мұғалімнің аты-жөнін тәлқұжаты бойынша толтыру керек.

Сұраныстар жазба және электронды нұсқада келесі мекен-жай бойынша қабылданады:

Қосымша ақпаратты ұйымдастыру комитетінен алуға болады:
Нұр-Сұлтан қаласы, Достық,13 («Нұрсая - 2») «Астана дарыны» ДДжПСО, 2 қабат, 225/1 кабинет тел.20-26-71.

«ФИЗМАТ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ

Жалпы ережелер

1. «ФизМат» Республикалық конкурсы (бұдан әрі - конкурс) жаратылыстану-математика ғылымдары саласындағы дарынды оқушыларды анықтау, ынталандыру және дамыту мақсатында республиканың жалпы білім беретін мектептерінің 8-9-сынып оқушылары арасында өткізіледі.

2. Конкурсты Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - ҚР БҒМ) ұйымдастырады.

Конкурсты өткізуді жыл сайын О. Жәутіков атындағы республикалық, мамандандырылған дарынды балаларға арналған физика-математика орта мектеп-интернаты (бұдан әрі - РМФМОМИ) Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығымен (бұдан әрі - БТМСҰО) бірлесіп БТМСҰО-ның тестілеу пункттерінде жүзеге асырады.

3. Конкурсқа қатысу - ақысыз.

1. Конкурсқа қатысушылар

1) Конкурсқа Республиканың жалпы білім беретін мектептерінің 8-9 сынып оқушылары қатысады.

2) Конкурсқа мамандандырылған физика-математика мектептері мен математика және физика пәндерін тереңдетіп оқытатын жалпы білім беретін мектептерден - әр сыныптар параллелінен 8 оқушыға дейін, басқа жалпы білім беретін мектептерден әр сыныптардың параллелінен 5 оқушыға дейін қатысады.

2. Конкурсты ұйымдастыру комитеті, іріктеу комиссиясы

1) Конкурсты дайындау мен өткізу, конкурс жеңімпаздарын іріктеу өлшемдерін пысықтау жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру және жүзеге асыру үшін конкурстың ұйымдастыру комитеті және іріктеу комиссиясы құрылады.

2) Конкурсты ұйымдастыру комитеті:

- Конкурсты дайындау және өткізу жөніндегі жалпы үйлестіру жұмыстарын қамтамасыз етеді;

-Республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс материалдарын жариялауды ұйымдастырады.

3) Конкурстың іріктеу комиссиясы конкурстың жекелеген (оқушылар арасында) және командалық (мектептер арасында) есептегі жеңімпаздарын анықтайды.

3. Конкурсты өткізу

1) Конкурс тестілеу түрінде өткізіледі.

2) Конкурстың тест тапсырмалары оқу бағдарламасына сәйкес математика және физика есептері мен сұрақтарынан, сондай-ақ логикалық

есептерді қамтиды. Конкурс тапсырмасы 50 есептен: оның ішінде 20-сы математика, 15-і физика, 15-і логикалық есептен тұрады. Конкурс есептерін шығаруға 2 сағат 30 минут (150 минут) беріледі.

3) Конкурстың тапсырмаларын РМФМОМИ дайындайды.

4) Қатысушының тапсырмалары жалпы санының дұрыс жауаптарына сәйкес бағаланады.

5) Конкурс БТМСҰО-ның тиісті тестілеу пункттерінде өткізіледі.

6) Конкурсқа қатысу БТМСҰО-ның тиісті тестілеу пункттеріне берілген мектеп өтінімі негізінде болады. Өтінімге қатысушының фамилиясы, аты, мектебі, сыныбы және оқыту тілі көрсетіледі.

7) Конкурстың жеңімпаздары жекелеген (оқушылар арасында), командалық (мектептер арасында) есепте анықталады және ҚР БҒМ - нің дипломдарымен марапатталады.

4. Конкурсқа қатысушыларды марапаттау

1) Жеке есепте әр облыстағы, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларындағы әр сыныптардың параллелінен ерекше көзге түскен 50-ге дейінгі оқушы конкурс дипломдарымен марапатталады.

2) Мектеп командасының нәтижесі әр сыныптардың параллелінен 5 үздік оқушының нәтижесінің қорытындысы бойынша анықталады.

3) Республиканың үздік 31 мектебі конкурс дипломдарымен марапатталады: Гран – при - 1, I дәрежелі дипломмен - 5, II дәрежелі дипломмен - 10, III дәрежелі дипломмен - 15.

5. Конкурсты қаржыландыру

Конкурс шығындары (конкурс тапсырмасын көбейту, бағдарламалық қамтамасыз етудің әзірлемесі, нәтижелерін өңдеу, пошталық шығыс, дипломдарды дайындау және т.б.) РМФМОМИ демеушілері есебінен жүзеге асырылады.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА МАТЕМАТИКА-
ФИЗИКА ЖӘНЕ ХИМИЯ-БИОЛОГИЯДАН ПРЕЗИДЕНТТІК
ОЛИМПИАДА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**
(Аймақтық-іріктеу кезеңі)

Негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- орта білім беру ұйымдарының оқушылары арасында математика, физика, химия және биологиядан дарынды оқушыларды анықтау үшін кәсіптік бағдар мен болашақтағы интеллектуалдық дамуына қолайлы жағдай жасау;
- жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқытуда оқушылардың қызығушылығын арттыру, теориялық білімдері мен дағдыларын тереңдету;
- тұлғаның өзін-өзі жетілдіруіне және дамытуына жағдай жасау.

Президенттік олимпиадаға бұрын-соңды республикалық және халықаралық пән олимпиадаларына қатыспаған жалпы білім беретін мектептер, лицейлер, гимназиялар, дарынды балаларға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдарының 11- сынып оқушылары қатыса алады. Әр қатысушысы барлық кезеңде тапсырмаларды **төрт пәннен орындайды**: математика, физика, химия және биология.

Президенттік олимпиада жыл сайын үш кезеңде өткізіледі:

1) аймақтық (іріктеу кезеңі) жеңімпаздары екі кезеңнен тұратын Республикалық олимпиадаға қатысады:

2) екінші кезең – іріктеу кезеңі 2 турда өткізіледі:

1 тур – қашықтық –жыл сайын 15 қарашаға дейін;

2 тур – шығармашылық, қашықтық тур өткізілген күні эссе жазу (1 беттен кем емес, 45 минут);

3) үшінші (қорытынды) кезең – республикалық, (желтоқсанның бірінші онкүндігі).

«ПОЛИГЛОТ» ГУМАНИТАРЛЫҚ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Жалпы ережесі

Гуманитарлық олимпиаданың негізгі мақсаты мен міндеттері:

- көптілдік идеясын жүзеге асыру;
- оқушылардың коммуникативті-ақпараттық, коммуникативті-танымдық қабілеттерін ауызша, жазбаша өз тілінде және шет тілінде қалыптастыру;
- дарынды оқушыларды табу;

Олимпиадаға қатысушылар – 5-7 сынып оқушылары.

Олимпиада үш пән бойынша өтеді – қазақ тілі, орыс тілі және шет тілі (таңдау бойынша – ағылшын, француз және неміс тілдері).

Қатысушылар сарапшылардың ұсынған тапсырмаларын орындайды.

Уақыт – 2 сағат.

Қазақ тілі – 20 тасырма - 40 минут

Орыс тілі – 20 тапсырма - 40 минут

Шет тілі – 20 тапсырма – 40 минут

Тапсырма

I. Лексика-граматикалық тест

II. Мәтінмен жұмыс (ел тілін тану бойынша мәтінді түсінуге)

III. Шығармашылық жұмыс.

Марапаттау.

I, II, III дәрежелі дипломдар.

Грамоталар.

«ҒАСЫРДАН ҒАСЫРҒА» ҚАЛАЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ САЙЫСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

Сайыстың мақсаты: өсіп келе жатқан ұрпақтың бойына патриотизмді қалыптастыру, қоғамның тарихын сақтап қалуға ықпал ету және біздің мемлекетіміздің мәдени мұрасына, қазақ халқының ұлы тұлғаларына құрметпен, архитектуралық ескерткіштер, халықтық салт-дәстүрлер, көркем өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Сайыс отандық тарихқа деген жоғары қызығушылықпен қарайтын талантты оқушыларды іздеп, шығармашыл әлеуеттің дамуына және олардың қоғамдық белсенділігіне бағытталған.

«Ғасырдан ғасырға» қалалық интеллектуалдық сайысы Ережеге сәйкес 2 кезеңнен тұрады.

I кезең (іріктеу туры)

II кезең 4 тур бойынша жүргізіледі.

Сайысқа іріктеу кезеңінен өткен Нұр-Сұлтан қаласы білім беру мекемелерінің 8-10- сынып оқушыларынан құралған командалар қатысады.

Сайыс IV тур бойынша өткізіледі:

I тур - «Презентация»-5 мин

II тур – Викторина

III тур – Капитандар конкурсы. «Блиц – турнир».

IV тур - «Құпия сандық»

«Ғасырдан ғасырға» сайысының жеңімпаздары мен жүлдегерлері I, II, III дәрежелі дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Қосымша ақпаратты ұйымдастыру комитетінен алуға болады:
Нұр-Сұлтан қаласы, Достық,13 («Нұрсая - 2») «Астана дарыны» ДДжПСО, 2 қабат, 225/1 кабинет тел.20-26-71.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН «ЖҰЛДЫЗДЫ ЖОЛ» ҚАЛАЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

Интеллектуалдық олимпиада - бұл мектеп жасына дейінгі мектепалды даярлық топтағы балаларға арналған интеллектуалдық жарыстардың үлгісі, шығармашылықты талап ететін түрлі стандартты емес жағдайларда балаларға білімдерін қолдануға мүмкіндік беретін және шығармашылық ойлау қабілетін дамытатын олимпиада түрі.

Мектепке дейінгі мекемелердегі мектепалды даярлық топтары арасындағы «Жұлдызды жол» қалалық интеллектуалдық олимпиадасының Ережесі (ары қарай - Ереже) оны ұйымдастырып өткізуге нұсқаулармен қамтамасыз етіп, олимпиадаға қатысуға мүмкіндік береді.

1.1. Олимпиаданың мақсаты : мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің рейтингісін көтеру, балаларды мектепке дайындау жоспары аясында олардың шығармашылық қабілетін және зияткерлік іс-әрекетке деген қызығушылықтарын дамыту.

1.2. Міндеттері:

- әр балаға байқауға қатысуға мүмкіндік беру;
- жалпы оқуға, білімге деген ептілігін анықтап, ынтасын арттыру;
- интеллектуалдық қабілетін көрсете білу;
- жан – жақтылығын таныту

2. Олимпиаданы ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары:

2.1. Олимпиада 2 кезеңнен тұрады:

I іріктеу кезеңі мектепке дейінгі мекемелерде сәуір айында;

II қалалық кезеңі мамыр айында өткізіледі.

2.2. Шағын командаларды құру үшін олимпиада алдында жұлдызшалар таратылып, әр командаға бағдарлама бөлімдері - «жұлдыз» станциялары бойынша бағдарлар анықталады:

- «Көгілдір жұлдыз» - тіл дамыту
- «Сары жұлдыз» - сауаттылыққа үйрету
- «Қызыл жұлдыз» - математика және логика
- «Жасыл жұлдыз» - қоршаған ортамен танысу

2.3. Әр «жұлдызды» станциясында болу уақыты - 15 минут

Ұйымдастыру және ауысу уақыты 5 - 7 минут

2.4. Бағдарлар бойынша 3 тапсырмадан беріліп, дұрыс орындалғаны 5 балдық жүйеде саналады (15+15+15+15, барлығы 60 ұпай)

2.5. Қатысушылардың жинаған ұпай санына қарай жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталады.

3. Олимпиада қатысушыларына қойылатын талаптар

3.1. Олимпиадаға мемлекеттік тілде және орыс тілінде тәрбиеленіп, оқып жатқан мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің мектепалды даярлық топтарынан 1 баладан қатысады.

3.2. Олимпиадаға мемлекеттік емес жекеменшікті балабақшалар, шағын орталықтар қатыса алмайды.

3.3. Қатысушының аты – жөні, балабақшаның нөмірі мен атауы жазылған бейдж болуы керек. Киім үлгісі еркін.

4. Олимпиаданы ұйымдастырып өткізуді Олимпиаданың

Ұйымдастыру комитеті атқарады:

- Олимпиаданың дайындығы мен өтуіне жалпы басшылық жасау;
- Олимпиаданың мерзімін және тәртібін анықтау;
- Олимпиаданың тапсырмалары мен бағалау критерийлерін дайындау;
- Қазылар алқасының құрамын бекіту;
- Олимпиадаға қатысушылардың құрамын бекіту;
- Олимпиаданың сараптамасы мен қорытындысын жасау.

5. Тапсырмаларды дайындаудың жалпы концепциясы

5.1. Олимпиада тапсырмаларының мазмұны келесі бағдарлама тарауларынан тұрады:

- Тіл дамыту
- Сауат ашу
- Математика және логика
- Қоршаған ортамен танысу

5.2. Олимпиада тапсырмаларында мектепке дейінгі оқу – әдістемелік кешеніндегі тест тапсырмалары қамтылады.

6. Олимпиаданы қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

6.1. Қатысушылардың барлығына сертификаттар тапсырылады.

6.2. Олимпиаданың қорытындысы мектепке дейінгі мекемелердің электронды поштасына жіберіледі.

6.3. Жеңімпазға Бас жүлде, жүлдегерлерге I, II, III орын дипломдары және ерекше белсенділік танытқандарға Грамоталар «Астана дарыны» ДДЖПСО-ның Ақпарат баспа қызметі бөлімінен беріледі .

6.4. II қалалық кезеңге қатысу үшін сұраныстар «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығының astanadaryn@mail.ru элпоштасына төмендегі үлгіде жіберіледі:

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің атауы	Қатысушының тегі, аты	Туған күні, айы, жылы (жасы)	Оқыту тілі	Тәрбиешісінің аты-жөні (толық)	Байланыс телефондары

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: Нұр-Сұлтан қаласы, Достық, 13 («Нұрсая - 2») «Астана дарыны» ДДЖПСО, 2 қабат, 225/1 кабинет тел. 20-26-71.

«ҒАЖАЙЫП КҮЗ» ҚАЛАЛЫҚ СУРЕТ КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығы «Ғажайып күз» атты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мекемелерінде қалалық балалар сурет конкурсын өткізеді.

2. Осы ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жасалған.

2. Конкурстың мақсаты мен міндеттері

3. Конкурстың негізгі мақсаты:

- сурет өнеріндегі дарынды балаларды анықтау және әрбір оқушының жеке қабілетін дамыту.

4. Конкурстың міндеттері:

- балалардың жеке шығармашылық және көркемдік қабілеттерін жетілдіру;
- қоршаған орта мен табиғатты құрметтеуге баулу;
- отансүйгіштікке тәрбиелеу.

3. Конкурсқа қатысушылар

5. Конкурсқа бейнелеу өнерінде ерекше шеберлігімен танылған Нұр-Сұлтан қаласының мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мекемелерінің тәрбиеленушілері қатыса алады.

4. Конкурсты өткізу тәртібі және шарттары

6. Конкурс 2 кезеңде өткізіледі:

1 кезең – мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мекемелерінде;

2 кезең – қалалық.

7. Конкурс төмендегідей бағыттарда өткізіледі:

- 1) Кескіндеме;
- 2) Қолданбалы көркем өнер.

Жұмыс тақырыптары: «Мен және табиғат», «Бұл менің әлемім», «Ғажайып жанымда».

8. Жұмыстың орындалу техникасы мен безендірілуі: пейзаж, натюрморт, керамика, пластика т.б.

9. Конкурсқа қатысу туралы сұранысты Ұйымдастыру комитетіне тапсырады.

5. Жұмыстарды безендіру талаптары

10. Жұмыстар көлемі 42х33, 58х46, 68х55 мөлшердегі рамалар форматында қабылданады.

11. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мекемелері әр номинация бойынша ең үздік деп табылған 2 жұмысты жібереді.

12. Жұмыстар талапқа сай дайындалып, келесі мәліметтер көрсетілуі тиіс: орындаушының аты-жөні, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мекемесі, жас мөлшері, жетекшісінің аты-жөні және байланыс телефоны.

6. Конкурс жұмыстарын бағалау және марапаттау

13. Оқушылардың ұсынған жұмыстарын ұйымдастыру комитеті - қаланың суретші-ұстаздары мүшелерінен құрылған қазылар алқасы бағалайды.

14. Қазылар алқасының мүшелері жұмыстарды төмендегі өлшемдермен 10 ұпайлық жүйе бойынша бағалайды:

- композиция;
- бояуы;
- тақырыпқа сәйкестігі;
- жұмыстың безендірілуі.

15. Конкурс жүлдегерлері дипломдар және грамоталармен марапатталады.

16. Таңдаулы жұмыстар Астана қаласының бірқатар мәдени орталықтарына қойылады.

НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР МЕКЕМЕСІНДЕГІ ДАЯРЛЫҚ ТОПТАРЫ АРАСЫНДА ӨТЕТІН ҚАЛАЛЫҚ ҚАШЫҚТЫҚ «ЕЛОРДАНЫҢ ЕРКЕТАЙЫ» ӨНЕР БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

1.1. Отанды сүюдің іргетасы алдымен туған жерге деген сүйіспеншіліктен қаланады. Бүлдіршіндер бойында ұлтжандылық рухын сіңіріп, еліне деген махаббатын сахна төрінде өнері арқылы насихаттауға үлес қосу.

1.2. Өнерге талаптанған бүлдіршіндерді қашықтық форматта іріктеп, байқаудың Гала концертіне қатыстыру.

2. Байқауға қатысушылар:

2.1. Байқауға Астана қаласы мектепке дейінгі балалар мекемесіндегі даярлық топтарының тәрбиеленушілері қатыса алады.

2.2. Жеке меншік балабақшаларының тәрбиеленушілері қатыса алмайды.

3. Байқаудың шарттары:

3.1 Нұр-Сұлтан қаласы мектепке дейінгі балалар мекемесіндегі даярлық топтары арасында ұйымдастырылған қалалық қашықтық «Елорданың еркетайы» өнер байқауыкелесі жанр бойынша өтеді:

* Вокал / жеке орындау, хор/

* Би /жеке, топтық/

* Театр /көркемсөз, мюзикл,театралдық қойылым/

4. Байқауға қойылатын талаптар

4.1. Байқауға қатысушылардың жас ерекшеліктері:

* балабақшадағы даярлық тобының тәрбиеленушісі

4.2. Әр үміткер немесе топтар байқауға туған жерге арналған патриоттық тақырыптағы бір шығармамен қатысады.

4.3. Театр жанры бойынша шығарма немесе қойылым ұзақтығы 5-7 минуттан аспауы керек.

5. Байқаудың өту мерзімі және тәртібі

5.1. Байқауға қатысу өтінішін үлгі бойынша толтырып, бейнетаспаға түсірілген сапалы жұмысын 28.11.2017 ж. дейін «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығына тапсыруларыңыз сұралады /Өтініш нұсқасы ереже соңында көрсетілді/. Мекенжайы: Мәскеу көшесі, 41, 3-қабат, 303 «В» кабинет.

5.2. Қашықтық байқаудан өткен өнерпаздар Гала концертке қатысып, марапатталады.

5.3. Гала концерт **2017 жылғы 14 желтоқсан күні** өткізіледі /өтетін орны қосымша хабарланады/

6. Байқауды қорытындылау және қатысушыларды марапаттау

6.1. Қазылар алқасының құрамы өнер майталмандары мен музыка мамандарынан тұрады.

6.2. Қазылар алқасы:

- * қатысушылардың өнерін бағалаудың өлшемдерін бекітеді

- * жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды

6.3. Байқау жеңімпаздары **2017 жылдың 14 желтоқсанда** гала-концертте дипломдармен және қосымша сыйлықтармен марапатталады.

6.4. Жүлделер әр жанр бойынша тағайындалады. Жүлделер саны қазылар алқасының ұйғарымына байланысты шешіледі.

- * Бас жүлде—диплом және сыйлық

- * I орын — сыйлық және лауреаттық диплом

- * II орын—сыйлық және лауреаттық диплом

- * III орын— сыйлық және лауреаттық диплом

7. Байқаудың техникалық талаптары

7.1. Бейнетаспаға түсірілетін жұмыс **avi** бағдарламасында сапалы болуы керек.

7.2. Жанр бойынша бейнетаспа бөлек беріліп, сыртында жанры мен балабақша атауы көрсетілуі талап етіледі.

«ТАЛАНТТЫ ҰСТАЗ – ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА» АТТЫ ҚАЛАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАСЫН ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕСІ

1.Жалпы ережелер

Педагогикалық олимпиада талантты балалармен жұмыс жасаудағы ұстаздардың біліктілігін арттыратын жарыстардың бірден-бір түрі.

Педагогикалық олимпиаданың негізгі тапсырмаларына енетіндер: педагогикалық ойлар, жобалар, педагогикалық шығармашылық қорытындыларымен тәжірибе алмасу.

Қалалық педагогикалық олимпиадасының ереже «Талантты ұстаз - дарынды балаларға» атты Республикалық педагогикалық олимпиадасының ережесі негізінде дайындалған.

Олимпиаданың мақсаттары:

- шығармашылық қабілеті жоғары талантты жастарды анықтау;
- кәсіптік - педагогикалық білімді және педагогикалық мамандықтың маңыздылығын, педагогиканың беделін арттыру;

Педагогикалық олимпиаданың негізгі міндеттері:

- жоғарғы сынып оқушыларының педагогикалық әс-әрекетіндегі өзін-өзі билеу бағытын қалыптастыру;
- білім беру мекемелерінің білім деңгейін қазіргі заман талабына сай дамыта жетілдіру, педагогикалық үрдісіне тарту;
- жоғары сынып оқушылары мен жас ұстаздардың жеке өзінің шығармашылық ойын жеткізуіне, тұлғалық педагогикалық мәдениеттің қалыптасуына, педагог қызметінің кәсіптік тәжірибесін дамытуға жағдай жасау.

2.Педагогикалық олимпиаданың қатысушылары және құрылымы

Педагогикалық олимпиада сатылық құрылымнан тұрады:

I саты – дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептер, гимназиялар, лицейлердің (арықарай - мектептер) жоғары сынып оқушылары болашақта білімін педагогикаға байланысты жоғары оқу орындарында жалғастыратындар. Әр мектептен командалық топ (6 адамнан аспайтын) шақырылады, 10- сынып оқушылары, жақсы оқитын, ерекше қызығушылық танытқан, қабілеті зор, педагогикалық мамандыққа деген бейімі бар, болашақта оқуын педагогикалық жоғары оқу орындарында жалғастырамын деген оқушылар қатыстырылады.

Конкурс тапсырмаларын орындау барысында оқушылар педагогикалық мамандықты таңдауға дайындығын, педагогикалық білімдарлығын, интеллектуалдық және жалпы мәдени деңгейін көрсете алуға мүмкіншілік беріледі.

IV саты – жас педагогтер, тәлімгерлер және психологтар (еңбек өтілімі 3 жылдан аспайтын).

Олимпиаданың өткізу ережесінде мұғалімдердің шынайы білім беру үрдісіндегі кәсіптік шеберлігін, кәсіптік педагогикалық іс-әрекеті мен шығармашылық қабілетін анықтайтын конкурстық тапсырмалар қарастырылған.

3.Олимпиаданың кезеңдері және мерзімдері

Педагогикалық олимпиада бірнеше кезеңнен тұрады:

I кезең – мектепішілік. (28 ақпанға дейін)

II кезең – іріктеу (сырттай) – 12-17 наурыз аралығында.

III кезең – қалалық – 4-5 сәуірде. Олимпиаданың 1 күн - жас педагогтер мен психологтар арасында, 2 күн - оқушылар мен тәлімгерлер арасында өтеді.

Сұраныс пен ұжымдық-шығармашылық жұмысының толық нұсқасы **10 наурызға** дейін қабылданады. Әр команданың ұжымдық-шығармашылық жұмысының толық нұсқасын қазылар алқасы бағалау критерийлері бойынша бағалайды.

Олимпиада Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Астана дарыны» ДДЖПСО-ы ұйымдастырып, өткізеді.

Өткізілетін орны, күні туралы қосымша ақпарат www.astanadaryny.kz сайтынан қарай аласыздар.

4. Педагогикалық олимпиаданы өткізу тәртібі **Жоғары сынып оқушылары**

Олимпиада 2 кезеңнен тұрады. Олимпиаданың іріктеу кезеңінде, алдын ала берілген тақырыптар бойынша ұжымдық-шығармашылық жұмысының толық нұсқасы конкурсқа жіберіледі. Сайыстың тапсырмаларын орындау барысында оқушылар өздерінің жалпы мәдениеттік даму деңгейін, тапқырлығын, шеберлігін көрсетеді. Жұмыстар қайтарылмайды. Ең жоғары балл жинаған оқушылар II турға өтеді. Ол жөніндегі ақпаратты www.astanadaryny.kz сайтынан көруге болады.

Жоғары сынып оқушыларына арналған тапсырмалар

9-11 сынып оқушыларынан құралған командада 6 адамнан артық болмауы керек

1 ТАПСЫРМА

Өзін-өзі таныстыру«Жаса! Қатыс! Жеңіске жет!»

(кескіндеме, поэзия, пантомима, театр, музыка т.б. құралдарын пайдалануға болады, баяндама жасау 5-7 минутқа дейін).

Бағалау критерийі:

- өз мектебінің ерекшеліктерінің сипаттамасы (ашылу тарихы, жетістіктері, даму перспективасы);
- баяндаманың мазмұндылығы және композициялылығы;
- безендіру (команданың атауы, ұраны, эмблемасы, киімнің үлгісі);
- әртістілігі, баяндама жасау мәдениеттілігі;
- регламент сақтау.

2 ТАПСЫРМА

ҰШҚ (ұжымдық шығармашылық қызмет), (кескіндеме, поэзия, пантомима, театр, музыка т.б. құралдарын пайдалануға болады; 7-10 минутқа дейін баяндама жасау).

Бағалау критерийі:

- команданың ұсынылған тақырыптың мазмұнын аша білу;
- баяндаманың ерекшелілігі;
- тақырыптың мазмұнын ашу барысында команданың әртістілігі, орындау мәдениеті, сезімталдығы, мазмұндылығы;
- команданың білімділігі және дербестік деңгейі.

Жас педагогтер

Жас ұстаздар олимпиадасы 2 кезеңнен (сырттай, күндізгі) тұрады. Сырттайғы кезеңге мұғалімдер, тәлімгерлер және психологтар педагогика мен психологиядан тест сұрақтарына жауап береді. Әр қатысушының жұмысын қазылар алқасы бағалау критерийлері бойынша бағалайды. Тек І турдан өткен мұғалімдер, тәлімгерлер және психологтар ғана қалалық олимпиадаға қатыса алады.

Олимпиаданың конкурстық тапсырмаларында жалпы білім беру процесінде педагогикалық міндеттерді жобалай алуы және оны шеше білуі, мұғалімнің жеке тұлға ретінде өзін – өзі билеуі, мұғалімнің шығармашылық қабілетін қалыптастыруға ықпал етуі, кәсіби педагогикалық шеберлігін көрсете білуі қарастырылған.

МҰҒАЛІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

1 ТАПСЫРМА.

Өзін-өзі таныстыру «Педагогикалық дебют» (5-7 минутқа дейін);

Формат: заманауи талаптарға сәйкес білім беру технологияларын пайдаланудың тиімділігі, өзінің кәсіби іс-тәжірибесін ауызша ұсыну.

Бағалау критерийі:

Педагогикалық шеберлік (1-10 балл)

- шығармашылық жұмысты ұсынуда дайындық деңгейі;

- өз кәсіби қызметінің жетістіктері мен сәтсіздіктеріне анализ жасай білу;
- ақпараттық компьютерлік технологияларды пайдалану;
- ауызша сөйлеу қабілеті (мәнерлілігі, айқындылығы, көркемділігі, сауаттылығы);

Әртістілігі (1-10 балл)

- импровизациялық қабілеті;
- аудиторияға ықпалының деңгейі.

Жалпы мәдениет (1-10 балл)

- эрудиция;
- қалыптан тыс ойлауы;
- коммуникативтілік мәдениеті.

2 ТАПСЫРМА

Панорамалық сабақ немесе «Педагогикалық шеберлік қоймасы»
(регламент 5-7 минут)

Панорамалық сабақ немесе жоба барысында педагогтер практика жүзінде өзінің жұмыс жүйесінің негізгі идеясын, кәсіби құзіреттілік деңгейін, технологиялық және коммуникативтілік мәдениетін, өткізілетін сабақтық эстетикасын, оқу процесін талдай білуін жүзеге асыру.

Сандық білім беру ресурстары ұсынылуы мүмкін: анимациялар, аудио-бейне материалдар, графикалық нысандар, презентациялар, электрондық оқу модулдары, электрондық жаттықтыру ойындары, электрондық жаттығу құрылғылары.

Бағалау критерийі:

Құзіреттілік (1-10 балл)

- әдістемелік сауаттылық;
- білімнің фундаменталдығы;
- ақпараттық компьютерлік технологияларды қолдану;
- импровизация;
- сабақтың психологиялық жағдайы;
- оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін жүзеге асыру;
- заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану, сабақ үстінде интернет.

Стилі (1-10 балл)

- сабақтың гуманистік бағыты;
- коммуникативті мәдениет.

Рефлексивтілік (1-10 балл)

- конкурсқа қатысушының жұмыс тақырыбы бойынша, оны дәлелдеу бойынша жеке ұстанымы;

- педагогикалық инструментарийді және білім беру процесін ұйымдастыру тәсілін таңдаудың дәлелділігі;
 - өзінің жетістік деңгейін анықтау қабілеті.
- Нәтижелілігі (1-10 балл).**

3 ТАПСЫРМА

«Педагогикалық жағдаяттар».

Проблемалардың шешімін табу. Уақыты 2 минут.

Бағалау критерийлері:

- педагогика және жас ерекшелік психология негіздері бойынша білімі;
- педагогикалық шеберлігі;
- жағдаяттарды өзінше шеше білуі, тапқырлығы, ұшқырлығы;

ТӘЛІМГЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

1 ТАПСЫРМА

ӨЗІН-ӨЗІ ТАНЫСТЫРУ «МЕН БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫҢ ШТУРМАНЫМЫН»(5-7 минутқа дейін);

Формат: өзі күнделікті жұмыс барысында қолданатын заманауи білім беру технологиялары, кәсіби тәжірибесі туралы ауызша таныстыру (таныстыру барысында музыка, театрландырылған қойылым, пантомима, поэзия, сурет өнерін және т.б. қолдануға болады);

Бағалау өлшемдері

- сайысқа берілген уақыт регламентін пайдалануы (1-10 ұпай);
- тапсырманы орындау барысында тақырыптың толық ашылуы, ақпараттың мазмұндылығы, көңіл-күй дәрежесі: аға тәлімгердің өмірлік ұстанымы мен қызығушылықтарының жұмыс барысындағы қолданылуы (1-10 ұпай);
- тапсырманы орындау барысында балаларға, әріптестеріне, жұмысына деген өзінің жеке қарым-қатынасын көрсете білуі (1-10 ұпай);
- ерекшелілігі, мәнерлілігі, көңіл-күйі (1-10 ұпай);
- әртістілігі: импровизация жасау шеберлігі, аудиторияға ықпал ету дәрежесі (1-10 ұпай);

2 ТАПСЫРМА

Екінші тапсырманы орындау барысында ұсынылған үш тақырыптың ішінен қатысушылар тек біреуін тандауға құқықтары бар:

1.Балалар ұйымы қызметінің бағдарламасымен таныстыру (регламент – 7-10 минут).

Тапсырмана орындау барысында қатысушы өзінің біліктілік деңгейі мен балалар ұйымының бағдарламасын жасауда заманауи талаптарды игергендігін көрсетуі керек.

2. Кәсіби сайыс(регламент – 7-10 минут).

Қатысушыларға таңдаулары бойынша сыныптан тыс іс-шара көрсету ұсынылады. Негізгі мақсаты - балалардың аға тәлімгердің кәсіби қызметіне қызығушылықтарын тудыру.

3. Проблемалық дәріс(регламент – 7-10 минут).

Берілген уақыт көлемінде кәсіби қызмет барысында кездесіп жүрген мәселе туралы өз көзқарасын баяндап шығуы керек.

№1, 2 тапсырмаларды орындау барысында келесі қосымша мүмкіндіктерді қолдануға болады:

- Фольклор, классикалық, эстрадалық, авторлық және халық әндерін, реп-композицияларын;
- Аспаптық орындау;
- Өзіндік жанр;
- Әдеби шығармашылық;
- Актерлік шеберлік: миниатюра, пантомима, конференс.
- Сахналық костюм.

Бағалау өлшемдері

Барлық тапсырмаларды орындау барысында қазылар алқасы аға тәлімгерлердің кәсіби шеберліктерін бағалайды.

1. Балалар ұйымдарының қызметімен таныстыру:

- Өзектілігі, әлеуметтік және педагогикалық мақсаттылығы;
- Балаларды дамыту жолдарының бағдарлық құндылығын нақты педагогикалық, әлеуметтік, мәдени шарттар арқылы қалыптастыру;
- Тәрбиелеудің формалары мен мазмұнын көрсету;
- Нәтиже.

2. Кәсіби сайыс:

Осы тапсырманы орындау барысында келесіні ескеру керек:

- жұмыс барысында мақсат мен талап қоя білумен қатар, қойылған мақсат, талаптарды орындау жолдарын импровизация арқылы балалардың пікірлерін ескеру арқылы қол жеткізе білу;
- кез келген жағдайда шұғыл шешім табу;
- қосалқы құралдарды шебер пайдалану (техникалық, көрнекі, ақпараттық-коммуникативтік құралдар);
- залда отырған қонақтарды іс-шараға белсенді қатысуға тарта білу (кез-келген жағдайдан шыға білуі);

- осы бағыта балалар жұмысының болашақ перспективалары мен күтілетін нәтиже.

1. Проблемалық дәріс:

- Қозғалып отырған мәселенің өзектілігі мен маңыздылығы;
- Көтерілген мәселені шешу жолдары;
- Баяндалған мәтіннің ғылымилығы;
- Шешендік өнер (сендіре алуы, нақтылығы).

ПСИХОЛОГТАРҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

1 ТАПСЫРМА

Өзін-өзі таныстыру«Менің мамандығым - психолог»

(5-7 минутқа дейін).

Ұсыныс: еркін түрде орындалады, педагог-психологтың ұраны, миссиясы, өмірлік ұстанымы, хоббиі мен жетістіктері бейнеленуі мүмкін...

Бағалау критерийі (1-10 балл):

- өз мамандығы туралы ойының қалыптасуы;
- өзін-өзі жетілдіру әлеуеті;
- қатысушының коммуникативтілік қасиеттері;
- ауызша сөйлеу мәнері (айқындылығы, мәнерлілігі, көркемдігі, сауаттылығы);
- әртістілігі;
- импровизациялық қабілеті;
- аудиторияға әсерінің деңгейі;
- эрудициясы;
- ойлау қабілеті;
- коммуникативті мәдениет.

2 ТАПСЫРМА

Идеялары мен жобаларын қорғау «Шығармашылық алаңы»

(7-10 минут)

Қатысушылар авторлық шеберлік-сыныптар ұсына алады (мини-семинарлар, мини-тренингтер, дидактикалық супервизия, интерактивті дәрістер, әдістемелік түсініктерімен психологиялық жұмыстың көрсетілім сессиялары), психологиялық сабақтың, ата-аналарға арналған практикум үзіндісі...

Конкурс материалы авторлық болуы керек, яғни конкурсқа қатысушының жеке әзірлемелері.

Бағалау критерийі (1-10 балл):

- ұсынылған материалдың мазмұны;
- материалдың тұтастығы;
- тапсырмалар, жаттығулар мен тренингтер жиынтығын таңдаудағы ғылыми негіздеме...;
- тапсырмалар мен жаттығулардың ұсынылған материалға сәйкестігі;
- педагогикалық өзара әрекеттестік техникасын пайдалану;
- сабақтың нәтижелілігі;
- оқушылар мен мұғалімнің қарым-қатынас деңгейі;
- ұсынылған материалдың тиімділігі;
- денсаулық сақтау технологияларын пайдалану;
- қызметтің тұжырымдамалық негіздері;
- сабақты өзіндік талдау.

5. Педагогикалық олимпиаданы ұйымдастыру.

Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының бұйрығына сәйкес педагогикалық олимпиадаға дайындық және өткізу шаралары ұйымдастыру комитетіне тапсырылады.

Педагогикалық олимпиаданы ұйымдастырушылар, өткізушілер құрамына Астана қаласы Білім басқармасының қызметкерлері мен педагог-ғалымдар және жоғарғы оқу орындары мен колледж мұғалімдері тартылады.

Қалалық педагогикалық олимпиадасының жүлдегерлері Республикалық «Талантты ұстаз –дарынды балаларға» атты педагогикалық олимпиадаға қатысуға мүмкіншілік алады.

Педагогикалық олимпиаданың қорытындысы негізінде ұйымдастырушылар мен қазылар алқасының шешімі бойынша жеңімпаз атанғандар Республикалық «Талантты мұғалім – дарынды балаларға» атты олимпиадаға жолдама алады.

6. Қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

Педагогикалық олимпиаданың нәтижесі бойынша қалалық олимпиаданың жеңімпаздары анықталады. Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады. Қатысушылар қосымша номинацияларға да ие болады.

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: Нұр-Сұлтан қаласы, Достық,13 («Нұрсая - 2») «Астана дарыны» ДДЖПСО, 2 қабат, 225/1 каб тел.20-26-71.

Олимпиадаға қатысу үшін **наурыз айының 10-на** дейін міндетті түрде ұйымдастыру комитетіне берілген форма бойынша сұраныс және ұжымдық-шығармашылық жұмысының толық нұсқасы тапсырылуы тиіс.

Сұраныс мектеп директорының қолы және мөрімен ресімделуі қажет.

Жоғары сынып оқушылары үшін педагогикалық олимпиадаға қатысу сұранысының формасы

№ р/с	Оқушының аты-жөні	Мектебі	Сыныбы	Команданы дайындаған жетекшінің аты-жөні	Жетекшінің телефоны
----------	-------------------	---------	--------	--	---------------------

Мұғалімдер үшін педагогикалық олимпиадаға қатысу сұранысының формасы

№ р/с	Аты-жөні (толық)	Мектебі	Жұмыс өтілі, санаты	Мамандығы	Зерттеу жұмысының тақырыбы	Телефондары
----------	------------------	---------	---------------------	-----------	----------------------------	-------------

Педагог-ұйымдастырушылар, тәлімгерлер үшін педагогикалық олимпиадаға қатысу сұранысының формасы

№ р/с	Аты-жөні (толық)	Мектебі	Жұмыс өтілі, санаты	Мамандығы	Телефондары
----------	------------------	---------	---------------------	-----------	-------------

Психологтар үшін педагогикалық олимпиадаға қатысу сұранысының формасы

№ р/с	Аты-жөні (толық)	Мектебі	Жұмыс өтілі, санаты	Мамандығы	Телефондары
----------	------------------	---------	---------------------	-----------	-------------

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: Нұр-Сұлтан қаласы, Достық, 13 («Нұрсая - 2») «Астана дарыны» ДДЖПСО, 2 қабат, 225/1 кабинет
тел. 20-26-71.

Белгіленген күннен кейін сұраныстар мен жұмыстар ұйымдастыру комитетімен қаралмайды.

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАР ФЕСТИВАЛІ» ЖӨНІНДЕГІ ҚАЛАЛЫҚ КОНКУРСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ереже

1.1. Фестивальді Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығы жыл сайын өткізеді.

1.2. Фестивальдің мақсаты – талантты педагогикалық қызметкерлерді анықтау, оларды қолдау және мадақтау; педагогикалық қызметкерлердің кәсіби шеберлігін арттыру, білім беру процесіне жаңа педагогикалық идеялар мен технологияларды енгізу және тарату.

1.3. Фестивальдің негізгі міндеттері:

- педагогикалық қызметкерлердің инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру;

- инновациялық педагогикалық идеялар мен технологиялардың деректер базасын кеңейту;

- кәсіби педагогикалық тәжірибені толықтыру;

- педагогтардың кәсіби қарым-қатынасының жаңа үлгісін және байланыстарын құру.

2. Фестивальға қатысушылар

2.1. Фестивальға мектепке дейінгі және жалпы орта білім, қосымша білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері мен ұжымдары Астана қаласының педагогикалық кадрлар білімін жетілдіру және қайта даярлау институттарының жұмыс нәтижесі қорытындыланған, тұрақты жоғары нәтижелерге жеткен (кемінде 3 жыл көлемінде) кәсіби деңгейі жоғары әдіскерлер қатыса алады.

2.2. Қатысушылардың педагогикалық еңбек өтіліміне және жас мөлшеріне шектеу қойылмайды.

2.3. Фестивальдің жеңімпаздары мен жүджегерлері 3 жыл конкурсқа қатыса алмайды.

3. Фестивальдің кезеңдері және өткізу уақыты

3.1. Фестиваль бірнеше кезеңнен тұрады:

I кезең – мектепшілік.

II кезең – қалалық (іріктеу және финал).

3.2. Өткізілу уақыты: жыл сайын **20–31 қазан күндері аралығында** жұмыстар өткізіледі. Жыл сайын желтоқсанда Фестивальдың финалы өткізіледі.

3.3. Фестивальға қатысу үшін жыл сайын **18 қарашаға** дейін ұйымдастыру комитетіне (жазбаша және электронды) түрде сұраныстарды тапсыру қажет. Сұранысты және анкетаны форма бойынша (қосымша 1,2) мына мекен – жайға әкеліп тапсыру керек: Нұр-Сұлтан қаласы, Достық, 13 («Нұрсая - 2») «Астана дарыны» ДДЖПСО, 2 қабат, 225/1 кабинет тел. 20-26-71.

4. Фестивальды өткізу тәртібі

4.1. Фестивальдың іштей турына тек қана қызықты жобалардың авторлары шақырылады. Тексеруге өткізілген жұмыстар қайтарылмайды және пікір жазылмайды.

4.2. **Қараша айының 20-на** дейін финалистер анықталып, Фестивальдың финалына шақырылады. Қалалық Фестивальдің қатысушылары мен өту уақыты туралы мәліметтерді www.astanadaryny.kz сайтынан білуге болады. Фестиваль болған күні қатысушылардың жұмыстарын плакат, фотография, макет т.б. арқылы көрсетуге болады. Қатысушылардың қорғау жұмыстары бір ғана секцияға жіберіледі.

5. Материалдарды ұсыну формасы және ұсынылатын материалдарға қойылатын талаптар

5.1. Әзірленген материалдарды топтастыру ұсынылған жұмыстардың түріне қарай жүзеге асырылады:

а) Оқу құралы – оқулыққа қосымша, барлық пәнді емес, бағдарламаның тек бір бөлігін (бірнеше бөлімін) қамтиды, оқу-құралының оқулықтан өзгешелігі сараланғандығы ғана емес, ол көпшілікке танылған білім және ереже (көлемі 40 беттен кем емес).

б) Әдістемелік-оқу құралы – пәндерді (оның бөлімін, бөлігін) оқыту немесе тәрбиелеу әдістемесі бойынша материалдарды құрайды.

Фестивальға мына оқу-әдістемелік құралдар ұсынылады:

мұғалімдерге арналған кітап (көлемі 40 беттен кем емес);

әдістемелік ұсыныстар (көлемі 20 беттен кем емес);

бақылау материалдары (көлемі 15 беттен кем емес).

в) Авторлық бағдарлама – мұғалімнің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру- мазмұндық үлгісінің әдістемелік тұжырымдамасы негізінде өзі жобалаған пәнді оқыту мен зерттеудің тәртібін, көлемін, мазмұнын анықтайтын оқу бағдарламасы (көлемі 20 беттен кем емес).

г) Элективті курс – бейіналды дайындық және бейінді оқытуда қолдануға арналған оқу басылымы (көлемі 20 беттен кем емес).

Фестивальға ұсынылған әзірлемелер мына бағыттар бойынша жіктеледі:

- Қоғамдық-гуманитарлық цикл (тіл және әдебиет, тарих);
- Математикалық цикл (математика, информатика және ИКТ);
- Жаратылыстану-ғылыми цикл (физика, химия, биология, география, астрономия, экология);

Фестивальға қатысушы сайтта ұсынылған сауалнаманы электрондық нұсқада міндетті түрде толтыруы тиіс.

Сауалнама мына ақпараттардан тұрады:

1) жұмыстың тақырыбы.

2) білім беру бағыты.

3) автор немесе авторлық ұжым туралы ақпарат (толық аты-жөні, пәні, сыныбы).

4) білім беру ұйымының аты.

5) қазақ және орыс тілдерінде толық аннотация (жұмыстың тақырыбы, пәні, мақсаты, міндеті, жұмысқа сипаттама, нәтижесі).

6) Фестиваль материалдарының жинағына енгізу және сайтқа орналастыру үшін әзірleme тезистері. Тезистер Excel электронды кестеде барлық талаптарға сәйкес (қосымша 3) тапсырылуы тиіс.

7) байланыс ақпараты (жұмыс орны, қызметі).

8) мекен-жайы, электрондық поштасы.

5.2. Фестивальға қатысушы әзірлемені міндетті түрде жұмысты қолдану бойынша (кімдерге және қайда қолдануға болады) әдістемелік-пікірімен ұсынады.

Қатысушылар әзірлемелерінде міндетті түрде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды (немесе келешекте қолдану болжамымен) қолдануы тиіс. Жіберілген материалдарда осы мәселе көрініс табуы тиіс.

5.3. Жұмыстың мәтіні тек идеясын ғана емес, сонымен бірге автордың жеке жұмыс тәжірибесі мен нәтижесінің сипатталуын қамтуы тиіс. Мүмкіндігіне қарай әзірлемені іске асыру үшін қажетті жағдай жасауды (мысалы, сыныпта компьютер, проектор-мультимедияның болуы, дайындыққа қажет уақыт) көрсету.

Фестивальға қатысушыларды таныстыру үшін жұмыстың әдістемелік сипаттамасына шек қойылады. Әдістемелік сипаттаудың көлемі 10 парақтан көп болмауы тиіс. Нақтылығы мен қысқалығы қосымша бағаланады.

Ұсынылған материалдардың мазмұнына электрондық нұсқадағы атқарылған жұмыс жөніндегі есеп, қосымшасында білім беру процессіне, тұсау кесерге (презентацияға) берілген сабақтардан үзінділерді енгізуге болады. Тұсау кесер міндетті түрде сабақтың жоспары көрсетілген слайдтармен немесе әдістемелік түсінік арқылы әзірленеді.

Жұмысқа қосымшада:

- автордың берілген тақырыбы бойынша білім беруге сәйкес шығарылған оқу материалдары;
- оқу процессін ұйымдастырудағы иллюстрациялық материалдар;
- оқушылардың жұмыстары (нәтижесі).

5.4. Электрондық пошта арқылы жіберілетін файлдар жалпыға түсінікті (А-4 форматты бет, 14 шрифт, Microsoft Office құжаттары) болуы тиіс. Фестивальға жіберілген жұмыстар рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жұмыстар қосымша құжаттармен рәсімделуі мүмкін: компетентті білім беру ұйымының өкілінен мөрленген, қол қойылған анықтама (пікір), фотоматериалдар, жұмысты жүргізу реттілігінің сипаттамасы. Эксперттік комиссияның бағалау барысында қосымша құжаттар ескеріледі.

6. Фестивальдің қорытындысын шығару

6.1. Фестиваль жеңімпаздарын іріктеудің негізгі критерийлері:

- кәсіби қызмет жүйесін жинақталған түрде ұсыну шеберлігі;
- тұжырымдамасы (автордың көзқарасы, негізгі идеясын көрсетуі);

- жаңалығы (осы жоба бойынша);
- жобаның, идеяның, принциптердің ғылымилығы, негізделгені;
- технологиялығы, тәжірибе элементтерін басқа мұғалімдер арқылы жүргізу мүмкіндігі;
- ақпараттарды қолданудағы авторлық құқықтың сақталуы;
- педагогтың әдістемелік шеберлігі, инновациялық және дәстүрлі кәсіби қызметті байланыстырудың тиімділігі;
- ұсынылған жұмыстардың білім беру стандарттары мен оқу бағдарламаларына қойылатын талаптарға сәйкестілігі;
- жұмыстардың білім беру жүйесін дамытудың өзекті үдерісіне сәйкестілігі;
- оқу нәтижелерін болжау, уақытты тиімді және дұрыс пайдалану шеберлігі;
- баяндау жүйелігі мен ойға қонымдылығы.

7. Фестиваль жеңімпаздарын марапаттау

7.1. Фестивальға қатысушылар Астана қаласы Білім басқармасының дипломдарымен марапатталады, сонымен қатар «Астана дарыны» ДДЖПСО мақтау қағаздарымен марапатталады және фестиваль жеңімпаздары Республикалық фестивальға жіберіледі.

8. Қаржыландыру

8.1. Фестивальді қаржыландыру «Астана дарыны» ДДЖПСО-ның шығыс сметасына сәйкес жүргізіледі.

Фестивальді ұйымдастыру комитеті: Нұр-Сұлтан қаласы, Достық, 13 («Нұрсая - 2») «Астана дарыны» ДДЖПСО, 2 қабат, 225/1 кабинет тел. 20-26-71.

Қосымша 1

Фестивальға қатысу үшін сұраныстың үлгісі

№	Қатысушының аты-жөні	Жұмыс орны, қызметі	Еңбек өтілі, санаты	Секциясы	Жұмыстың тақырыбы	Әдістемелік жұмыстың түрі (элективті курс, авторлық бағдарлама)	Байланыс телефоны, электронды адрес

Фестиваль қатысушыларына арналған сауалнама

Фестиваль қатысушылары міндетті түрде төмендегі берілген сауалнамаға жауап берулері керек:

- қатысушының аты-жөні
- білім беру мекемесінің атауы
- жұмыс орынының атауы
- секциясы, бағыты
- автор туралы немесе авторлар ұжымы туралы ақпарат (қосымша)
- мемлекеттік және орыс тілінде жазылған толыққанды аннотация (жұмыс орынының аты, пәні, мақсаты, міндеті, жұмысты суреттеуі, нәтижесі, жұмыстың нәтижеге жету бағыты);

Тезистерді рәсімдеуге қойылатын талаптар

Тезиске арналған файлдың аты- Фамилиясы----- тезистің аты----- секциясы - (Омаров—тезис---химия)

Көлемі 1-2 баспа табақ, А4 форматында Microsoft Office, кестелер мен суреттер Times New Roman, кегль 14, бір интервал болуы керек. Поля: барлығы – 2 см. Азат жолдан-1,3см; ені бойынша теңестіреді; 1 немесе 1-2 жолға майлы шрифтпен жұмыстың тақырыбы жазылады, (тек 2 жолға ғана); келесі жолға (1 жолға ғана) автордың аты-жөні, қызметі, мектебі, электронды адресі жазылады. Бір жолдан кейін – мәтіні. Әдебиеттер тізімін тезистің соңында жазу керек.

«ПРАКТИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНДЕ» АТТЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕМЕЛЕРІН ҚАЛАЛЫҚ КОНКУРСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1.Жалпы ережелер

1.1.«Практикалық психологы білім жүйесінде» -қалалық конкурсы (ары қарай Конкурс) талантты, жоғарғы кәсіптік шебер педагог-психологтардың өз іс тәжірибелерімен бөлісіп және де Нұр-Сұлтан қаласының білім мекемелерімен бірге қызмет істеу қабілеті бар педагог-психологты анықтау мақсатында өткізіледі.

1.2.Конкурстың негізгі міндеттері:

- білім беру мекемесіндегі педагог-психологтардың қызметінің мәнін, маңызын көтеру;

-білім беру мекемесімен байланысын нығайту;

1.3. Конкурса білім беру мекемелеріндегі барлық категориядағы педагог-психологтар қатыса алады. Санаты, еңбек өтілі, жасына шек қойылмайды. Конкурса қатысу еркін.

2. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу

2.1. Ұйымдастыру комитеті Конкурстың жүргізілу тәртібін, өту уақытын, бағалау критерилерінің ұйымдастырылуын үйлестіреді. Конкурстың жеңімпаздарды іріктеудегі ең негізгі критеріі авторлық зерттеме жұмысының шынайылығы, жарқыраған және күтпеген жаңалықтарға толы психотехникалық түрленген жұмыс болуы, сонымен бірге:

- жұмыстың тақырыбына сай болуы;
- әдістемелік зерттемесінің тақырыбына мақсатының сәйкес келуі;
- әдістемелік зерттемелердің мақсатына жету үшін қойылған міндеттердің біртұтастығы;
- тақырыбының, мақсат, міндеттерінің нақты қойылуы;
- арнаулы терминдерді қолданудың негізділігі;
- қолданылған әдістемелік құралдарды нақты беру;
- нәтижелерін нақты, анық жазу;
- жазылған қорытындының нақты және біртұтастығы;
- қорытындының қойылған мақсаттан шығуы;
- әдістемелік зерттемедегі нәтижелерді нақты тәжірибеде қолдануды анық, ашып жазу;
- әдістемелік зерттемелерді қолданудың мүмкіндігі;

Конкурса жіберілетін материалды барлық қойылған талапқа сай рәсімдеу керек. Конкурса жіберілетін жұмыстар рецензияланбайды және қайтарылмайды. Апелляция болмайды.

2.2. Конкурс келесі номинациялармен бағаланады:

2.2.1. Әдістемелік жаңалық: әр жастағы мектеп оқушыларын психологиялық қолдау.

2.2.2. Топта жұмыс істейміз: психологтың пән мұғалімдерімен, ұстаздармен, ата-аналармен бірлескен жұмысы.

2.2.3. Түпнұсқалы, нақты шешім: жаңаша тренинг, ойын, жеке және топтық жұмыстар.

2.3. Әр номинацияға 3 орыннан беріледі (1 бірінші, 1 екінші, 1 үшінші орын).

3. Конкурса қатысу жағдайы

3.1. Зерттеме жұмыстар практикалылығымен, нақты мазмұндылығымен, психологиялық жұмыстехнологиясының қолдану аясының кеңдігімен ерекшелену керек.

3.2. Қызықты және пайдалы зерттеме жұмыстары жинаққа кіреді.

4. Жинаққа шығатын жұмысқа қойылатын талаптар

4.1. Жұмыс авторының толық аты-жөні көрсетілуі керек. Жұмыс электронды түрде 10 беттен аспау керек, шрифт Times New Roman, кегль 14, бір интервал

болуы керек. Поля: барлығы-2 см. Азат жолдан-1,3 см, ені бойынша теңестіріледі, тасымалданбайды, сол жағына кіші әріппен автордың аты-жөні, келесі жолға қызметі, мектебі, электронды адрес жазылады. Келесі жолдың ортасына майлы шрифтпен жұмыстың тақырыбы жазылады. Бір жолдан кейін-текст. әдебиеттер тізімін тезистің соңында жазу керек.

5.Сұраныстың формасы

Сұраныстар мына мекен-жай бойынша 2018 жылдың қазан айының 20-на дейін « Практикалық психологы білім жүйесінде» конкурсына деген атаумен қабылданады: Нұр-Сұлтан қаласы, Достық,13 («Нұрсая - 2») «Астана дарыны» ДДЖПСО, 2 қабат, 225/1 кабинет тел.20-26-71.

Сұраныстың үлгісі:

№	Аты-жөні (толық)	Жұмыс орны, лауазымы	Өтілі, санаты	Конкурс жұмысының тақырыбы	Номинация	Байланыс телефондары

МЕКТЕП ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОПТАРЫНА АРНАЛҒАН «ЕРТЕГІЛЕР БІЛГІРІ» ҚАЛАЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

Атақты педагог Ы.Алтынсарин: «Бала кезде үш жастан он екі жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алады», - деп атап айтқандай, ертегілер баламен қатынаста ең нәтижелі тәрбие құралы болып табылады. Ертегінің құндылығын ертеден білген қазақ халқы бала өмірге келісімен-ақ оған ертегі, бесік жырын айтудан бастаған.

Мектепке дейінгі мекемелердегі мектепалды даярлық топтарына арналған «ЕРТЕГІЛЕР БІЛГІРІ» қалалық интеллектуалдық олимпиадасының (ары қарай – Олимпиада) мазмұны халық ауыз әдебиетінің бастауы – баланың ертегілерді оқуға ынтасын арттырып, оның мазмұнын меңгеру негізінде ой-өрісін, шығармашылық қабілетін, сөздік қорын дамытады.

Мектепке дейінгі мекемелердегі мектепалды даярлық топтары арасындағы қалалық интеллектуалдық олимпиадасының Ережесі (ары қарай - Ереже) олимпиаданы ұйымдастыру мен өткізуге нұсқаулармен қамтамасыз етуге, олимпиадаға қатысуға мүмкіндік береді.

- a. **Олимпиаданың мақсаты:** баланың ертегілерді оқуға қызығушылығын арттырып, ертегілер білгірін анықтау.
- b. **Міндеттері:**

- оқыған ертегілері бойынша білімдерін бекітуге ықпал ету;
- ой-өрісін, ойлау және еске сақтау қабілеттерін дамыту;
- халық ауыз әдебиетіне ынтасын баулу.

с. **Алдынала жүргізілетін жұмыс:** олимпиаданы өткізуде ұсынылатын ертегілерді оқып шығу.

2. Олимпиаданы ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары:

2.1. Олимпиада 2 кезеңнен тұрады:

I іріктеу кезеңі мектепке дейінгі мекемелерде наурыз айының басында ;

II қалалық кезеңі сәуір айында өткізіледі.

2.2. Қатысушыларды кабинеттерге бөлуді ұйымдастыруда (әр кабинетте бала саны 15-тен аспауы керек) оларға ертегілер бейнеленген шағын суреттер беріледі.

2.3. Тапсырманы орындауға 25 минут уақыт беріледі.

2.4. Тапсырмалар 3 бөлімде беріліп, дұрыс орындалғаны 10-дық жүйедегі ұпаймен саналады (10+10+10 , барлығы 30 ұпай)

2.5. Қатысушылардың жинаған ұпай санына қарай жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталады.

7. Олимпиада қатысушыларына қойылатын талаптар

3.1. Олимпиадаға балабақшалардың мектепалды даярлық топтарынан оқи алатын балалар (мемлекеттік тілде және орыс тілінде тәрбиеленіп, оқып жатқан мектепке дейінгі білім беру мекемелерінен 1 баладан) қатысады.

3.2. Олимпиадаға мемлекеттік емес жеке меншікті балабақшалар, сонымен қатар шағын орталықтар қатыса алмайды.

3.3. Қатысушының аты – жөні, балабақшаның нөмірі мен атауы жазылған бейдж болуы керек. Киім үлгісі еркін.

8. Олимпиаданы ұйымдастырып өткізуді Олимпиаданың

Ұйымдастыру комитеті атқарады:

- Олимпиаданың дайындығы мен өтуіне жалпы басшылық жасау;
- Олимпиаданың мерзімін және тәртібін анықтау;
- Олимпиаданың тапсырмалары мен бағалау критерийлерін дайындау;
- Қазылар алқасының құрамын бекіту;
- Олимпиадаға қатысушылардың құрамын бекіту;
- Олимпиаданың сараптамасы мен қорытындысын жасау.

9. Тапсырмаларды дайындаудың жалпы концепциясы

5.1. Олимпиада тапсырмаларының мазмұны «Біз мектепке барамыз» бағдарламасында ұсынылатын көркем әдебиет шығармаларын, сонымен қатар МААМ.RU халықаралық білім порталы мен www.balakai.kz сайтын қамтиды.

5.2. Қатысушылар оқылған ертегілер бойынша 3 бөлімнен тұратын тапсырмаларды орындайды:

«Сиқырлы қобдиша»

Сиқырлы қобдишаға ертегілерден алынған заттардың суреті салынады.

Бұл заттар қай ертегіде бар екендігін табулары керек.

«Ертегілік фразалар»

Ертегіден алынған сөйлемнің басы беріледі, ал соңын берілген нұсқадан тауып аяқтаулары қажет.

Викторина (жауаптар нұсқасы берілген сұрақтар)

10.Олимпиаданы қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

6.1.Қатысушылардың барлығына сертификаттар тапсырылады.

Жеңімпазға Бас жүлде «Ертегілер білгірі», жүлдегерлерге I, II, III орын дипломдары және ерекше белсенділік танытқандарға Грамоталар табысталады.

Жүлделер мен сыйлықтарды Ұйымдастыру комитеті тағайындайды.

6.2. II қалалық кезеңге қатысу үшін сұраныстарды astanadaryn@mail.ru электронды поштасына төмендегі үлгіде жіберуге болады:

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің атауы	Қатысушының аты-жөні	Туған күні, айы, жылы (жасы)	Оқыту тілі	Тәрбиешісін ің аты-жөні	Байланыс телефондары

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: Нұр-Сұлтан қаласы, Достық,13, (ЖК «Нұрсая» 2), 2 қабат, 225/1 кабинет. Тел. 202671, қабылдау бөлмесі 202531.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ОҚЫТАТЫН МЕКТЕПТЕРДЕГІ 4-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА ӨТКІЗІЛЕТІН «СӨЗ – МЕРГЕН» ТІЛ ТАНЫМДЫҚ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

1. Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері:

Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін де, жауласқан елдердің арасын келісімге келтіретін де, жылағанды жұбатып, күлгенді жылататын да – тіл. Қазақ- сөз қадірін білген халық. Кемеңгерлігі мен көсемдігін сөзге сыйғызған. Оның тарихы, тағдыры, тәлімі мен тәрбиесі, даналығы мен дала көңілі де сол сөзде жатыр.

«Сөз – мерген» тіл танымдық олимпиадасының мазмұны қазақ тілінің тереңде тұнып жатқан сөз маржандары - тұрақты сөз тіркестері, көне сөздер, мақал – мәтелдерін қамтиды.

1.1.Мақсаты: оқушылардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, ана тілінің қадір-қасиетін біліп, көркемдігін сезініп, сөз қадірін түсінуге баулу. Қазыналы қазақ тілін жетік меңгерген тіл жанашырларының тілге жүйрік, сөзге шешен екендігін анықтап, нағыз сөз мергендерін тану.

1.2.Міндеттері:

- оқушылардың тапқырлығын, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту;
- танымдық қабілеттерді дамыту, тұрақты сөз тіркестері, мақал - мәтелдер және көнерген сөздердің мағынасын ашу, табиғатын тану.

2. Олимпиаданы ұйымдастырушы:

2.1. Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығы.

3. Олимпиадаға қатысушылар:

